Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# «ТІРЕК МЕКТЕБІ - МАГНИТТІ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Астана, 2022**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы 15 қазандағы № 11 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды

«Тірек мектебі – магнитті мектеп» жобасының қызметін үйлестіру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана қ.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 94 б.

«Тірек мектебі – магнитті мектеп» жобасының қызметін үйлестіру бойынша әдістемелік ұсынымдарының негізгі идеясы «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасын іске асыру арқылы ортақ қаржыландыру мен басқаруға негізделіп, шағын жинақты ауыл мектебі білім алушыларының білім сапасын арттыру. Сонымен қатар шағын жинақты мектептердегі кадр жетіспеушілігі мәселесін шешуде тірек мектебі және магнитті мектептердегі «Математика» (5-6-сын.), «Алгебра» (7-9-сын.), «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сын.), «Геометрия» (7-11-сын.), «Ағылшын тілі» (5-11-сын.) пәндерін виртуалды педагогтердің көмегімен оқыту, сессия жұмыстарын ұйымдастыру арқылы бейінді және бейіналды дайындық мәселелерін шешу, педагогтер, әдіскерлер мен мектеп әкімшілігінің виртуалды кеңістікте жұмыс жүргізу бойынша біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастыру жолдары осы ұсынымдамада ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдарды Облыстық, аудандық білім басқармаларының әдіскерлері, тірек мектебі, магнитті мектеп педагогтері мен шағын жинақты ауыл мектептердің педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022

# Кіріспе

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауын [1], Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы №726 қаулысының міндеттерін [2], Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тарауының талаптарын [3], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығын [4], «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 12 желтоқсандағы № 614 бұйрығын [5], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығын [6] басшылыққа ала ауыл мектебінің, оның ішінде шағын жинақты мектептегі білім беру жүйесін оңтайландыруға, ортақ басқару мен қаржыландыруға бағытталған «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы жүзеге асырылмақшы.

Пилоттық жоба негізінде 2022-2023 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысындағы 351 шағын жинақты мектепті, 2023-2024 оқу жылында: Абай, Атырау, Ақмола, Қостанай, ШҚО, Павлодар, Қарағанды, Алматы облыстарындағы 1473 және 2024-2025 оқу жылында Түркістан, БҚО, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Жетісу, Ұлытау, Ақтөбе облыстарындағы 892 шағын жинақты мектеп қамтылады.

Аталған Жоба – қала мен ауыл мектептері және өңірлер арасындағы білімдегі алшақтықты азайтуда, ауыл мектептерінің жабылуының алдын алу, сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, ауыл балаларының әлеуметтенуі мен жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы жылдағы Ұлттық баяндама [7] мен «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебінде [8], жинағында [9] ауыл мектептерінің білім сапасының қала мектебіне қарағандағы алшақтығы мен оны шешу мәселелері қарастырылған.

Ауыл мектептерінде, оның ішінде шалғайдағы бала саны аз шағын жинақты мектептердегі білім сапасының төмен болуы – ең алдымен, педагог кадрлардың жетіспеушілігі мен мектептер МТБ-сының қажетті деңгейге сәйкес болмауына байланысты заманауи цифрлық технологияларды меңгеру

мүмкіндігінің жоқтығы, осыдан келіп, ауыл мен қала және өңірлер арасындағы білімдегі алшақтық пайда болатындығы белгілі.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында сөйлеген сөзінде: «Білім беруді неғұрлым икемді ету керек, балалар мен студенттерді қашықтық режимінде оқытудың хаттамалары мен әдістемелерін әзірлеу, еліміздегі оқу орындарын іс жүзінде цифрландыруды аяқтау маңызды. Қазіргі заманғы қашықтан оқыту технологияларын жеделдетіп енгізу қажет. Алдымызда білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, оларды қолжетімді және интерактивті ету міндеті тұр», – деп ерекше атап өтті [10].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституциясының II бөлімі (Адам және азамат), 30-бабында: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті», – деп көрсетілген [11].

Елдегі экономикалық және білім берудің тиімсіздігіне байланысты ШЖМ-ны жабу көп елдерде кең таралған тәжірибе. Бірақ мұндай саясаттың жағымсыз кері әсері де бар. Қазақстанда 90-жылдардың ортасында ШЖМ санының елеулі азаюына алып келген білім жүйесін қайта құру жүргізілді. 1994 жылдан бастап 1997 жылдар аралығында 792 мектеп жабылды. Көптеген балалар білім алу мүмкіндігінен айрылды. Мектептердің жабылуы, жалпы экономикалық кризиске байланысты ауылдық жерлерде басталып кеткен ауыл тұрғындарының жаппай қоныс аудару процесін ушықтыра түсті. Сондықтан ШЖМ жүйесінің құрылымын өзгертуде білім сапасын арттыруға, ауылдың әлеуметтік-мәдени рөлін сақтауға, оқу-тәрбие процесін жетілдіруде ішкі резервтерді іздестіруге бағыт бұру керек.

Ауыл мектептерінің жабылуы ауыл баласының білім алуы мен Конституциялық құқықтарын бұзады. Сондықтан да ауыл мектептерін жаппаудың, онда сапалы білім беру жолдарын қарастыруымыз керек. Берілген Жоба осы бағыттарды қамтиды.

Бүгінде ауылдық жерлерде көптеген талантты және креативті жастар тұрып жатыр. Оларға ерекше жағдайлар мен қолдау қажет. Сондықтан ШЖМ-ны сақтау және ауыл мектептеріндегі білім беру сапасын мақсатты түрде арттыру бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуге ғана емес, сондай-ақ ауылдың өз дамуы үшін де маңызды «өсу нүктелерінің» біріне айналуы мүмкін.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау екені белгілі. Ұсынылып отырған «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы ауылдық жердегі білім алушыларға сапалы, қолжетімді білім алуға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Осыған орай шалғайдағы елдімекендерде орналасқан ауылдардың білім алушыларын сапалы біліммен қамту және ортақ басқару жүйесі мен ортақ қаржыландыру тетігін жүзеге асыру, шағын жинақты мектеп білім алушыларына қашықтан виртуалды педагогтің көмегімен сапалы білім беруді ұйымдастыру қажеттігі туындап отыр.

Сондықтан ұсынылып отырған «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы шағын жинақты мектептердегі сапалы білім алуды және басқа да көптеген мәселелерді шешеді деген ойдамыз.

## 1. «ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Ауыл мектебінің жағдайы – білім саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан ауыл мектебі мен қала мектебінің арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту – күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қарастырылып та келген. Себебі шалғай елдімекенде орналасқан мектеп білім алушыларына білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім алудағы қолжетімсіздік, бала санының аздығы, педагогтердің тапшылығы, мектептің талаптарға сай келмеуі, зертханалық жұмыстарды жүргізуге жабдықталған кабинеттердің қарастырылмауы, МТБ-ның жетіспеушілігі мен аздығы, көбіне жаңартылмауы секілді мәселелердің барлығы – білім сапасына өзіндік әсерін тигізері анық.

**1.1 Ағымдағы жағдай.** 2021-2022 оқу жылында Республика бойынша 2754 шағын жинақты мектеп болса, 2022-2023 оқу жылының қыркүйектегі жергілікті атқарушы органдардан алынға мәлімет бойынша елімізде шағын жинақты мектептер саны 2716 мектепті көрсетті. 1-кестеден 2021-2022 оқу жылындағы ақпаратты көруге болады. Көріп отырғанымыздай, 1 оқу жылында 38 мектептің жабылғаны анық болып тұр.

**1-сурет. Шағын жинақты мектептер бойынша мәліметтер**

| Шағын жинақты мектептер бойынша мәліметтер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **өңірлер** | **2021-2022 оқу жылы** | | | **2022-2023 оқу жылы** | | |
| | | **Барлық ШЖМ** | **Тірек мектептері** | **Интернаты бар ТМ** | **Барлық ШЖМ** | **Тірек мектептері** | **Интернаты бар ТМ** |
| 1 | Абай | 0 | 0 | 0 | 144 | 2 | 2 |
| 2 | Ақмола | 360 | 21 | 6 | 350 | 22 | 6 |
| 3 | Ақтөбе | 202 | 11 | 10 | 204 | 12 | 10 |
| 4 | Алматы | 239 | 9 | 9 | 80 | 4 | 9 |
| 5 | Атырау | 26 | 0 | 2 | 28 | 2 | 2 |
| 6 | ШҚО | 340 | 7 | 5 | 196 | 5 | 4 |
| 7 | Жетісу | 0 | 0 | 1 | 150 | 1 | 1 |
| 8 | Жамбыл | 123 | 10 | 2 | 123 | 10 | 2 |
| 9 | БҚО | 215 | 19 | 12 | 218 | 19 | 12 |
| 10 | Қаарағанды | 200 | 39 | 11 | 166 | 33 | 11 |
| 11 | Қостанай | 316 | 21 | 9 | 295 | 20 | 9 |
| 12 | Қызылорда | 20 | 0 | 0 | 19 | 0 | 0 |
| 13 | Маңғыстау | 10 | 1 | 1 | 10 | 1 | 1 |
| 14 | Павлодар | 210 | 19 | 0 | 212 | 19 | 0 |
| 15 | СҚО | 355 | 28 | 20 | 351 | 28 | 20 |
| 16 | Түркістан | 138 | 7 | 2 | 135 | 7 | 2 |
| 17 | Ұлытау | 0 | 0 | 0 | 35 | 6 | 2 |
| | **ҚР** | **2754** | **192** | **90** | **2716** | **191** | **93** |

Осылайша ауыл мектептерінің жабылуы (бала санының аздығы) – ауылдың тұрмыс-тіршілігіне әсерін тигізері белгілі. 2007 жылдан басталған

елдегі урбанизация мәселесінде ауыл халқының көпшілігі қалаға көшіп, ішкі көші-қон процестерін тудырды. Осының нәтижесінде бір кездері тығыз қоныстанған ауылдар бос қалып, оқушыларсыз қалған мектептер жабыла бастады және жабылу қарқыны тоқтамады.

Шағын жинақты мектептердің жағдайы бойынша әлемдік тәжірибеге сүйенсек, АҚШ, Австралия, Канада мен Польшада ШЖМ мұғалімінің жалақысы қала мектептері мұғалімдерінің жалақысынан 2 есе жоғары. Қашықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. АҚШ пен Финляндияда Интернет жоқ, тасымалдау жолға қойылған. Алайда бұл елдерде оқушы уақытының көпшілігі жолға кететіні белгілі. Австралия мен Швецияда мектептердің кластерлік механизмі (үлкен мектептер – Хаб) қарастырылған. Норвегияда ШЖМ-ның жартысы біріктірілген сыныптардан тұрады. Ресейде ШЖМ-ны жан басына қаржыландыру тиімсіздігі анықталған. Сонымен қатар бастауыш ШЖМ-ны типтерге бөліп қарастырады. Украинада ШЖМ мұғаліміне ставкалы жүктеме төленеді, жалақысы – 2 есе жоғары және мектепті жабу тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылады.

Қарап отырсақ, әлемдік тәжірибеде ауыл мектептерінің жағдайы жасалған. Сондықтан, ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту, білімдегі, өңірлер арасындағы алшақтықты қысқарту, шағын жинақты мектеп білім алушыларына виртуалды сабақ өткізуді ұйымдастырып, іске асыру, ортақ қаржыландыру мен басқару жүйесін құру мақсатында 2022-2025 оқу жылында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын жүзеге асыру көзделіп отыр. Осыған орай, ең алдымен Республика бойынша шағын жинақты мектептердің жағдайын қарастырып өтсек.

Шағын жинақты мектептердің сандық көрсеткіші бойынша ақпарат келесі суретте берілген.




**1-сурет. Шағын жинақты мектептер саны бойынша ақпарат**

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында Республика бойынша 2716 мектеп шағын жинақты болып тіркелген. Оның Абай облысында – 144, Ақмола облысында – 350, Ақтөбе облысында – 204, Алматы облысында – 80, Атырау облысында – 28, Жетісу облысында – 150, Жамбыл облысында – 123, Батыс Қазақстан облысында – 218, Қарағанды облысында 166, Қостанай облысында – 295, Қызылорда облысында – 19, Маңғыстау облысында – 10, Павлодар облысында – 212, Солтүстік Қазақстан облысында – 351, Түркістан облысында – 135, Ұлытау облысында – 35 шағын жинақты мектеп тіркелген.

2716 шағын жинақты мектептің 17 %-ы (474 мектеп) – бастауыш шағын жинақты мектеп, 29 %-ы (791 мектеп) негізгі орта деңгейлі және 54 %-ы (1453 мектеп) жалпы білім беру деңгейінде қызмет жасайды.

Республика бойынша шағын жинақты мектептерде – 186 451 білім алушы білім алады. Оның 30 %-ы (5641 білім алушы) – бастауыш шағын жинақты мектепте, 19 %-ы (36 346 білім алушы) негізгі орта және 51 %-ы (144 464 білім алушы) жалпы білім беру деңгейінде білім алады.

Шағын жинақты мектептердегі өзекті мәселе – біріктірілген сыныптарда сабақ өткізу мәселесі. Республика бойынша шағын жинақты мектептердегі жағдай келесі кестеде берілген.

Республика бойынша барлығы – 6357 біріктіріп оқытатын сынып бар. Оның 3400-і бастауыш шағын жинақты, 2831-і негізгі орта және 126-сы жалпы орта білім беру деңгейінде.

**2-кесте. Шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар жағдайы**

| **№** | **Облыстар** | **Барлығы** | **Бастауыш ШЖМ** | **Негізгі орта** | **Жалпы орта** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Ақмола** | 915 | 418 | 495 | 2 |
| **2** | **Ақтөбе** | 660 | 312 | 344 | 4 |
| **3** | **Алматы** | 35 | 29 | 6 | 0 |
| **4** | **Атырау** | 18 | 12 | 6 | 0 |
| **5** | **БҚО** | 258 | 205 | 53 | 0 |
| **6** | **Жамбыл** | 61 | 53 | 8 | 0 |
| **7** | **Қарағанды** | 378 | 208 | 164 | 6 |
| **8** | **Қостанай** | 973 | 563 | 404 | 6 |
| **9** | **Қызылорда** | 47 | 41 | 6 | 0 |
| **10** | **Маңғыстау** | 2 | 2 | 0 | 0 |
| **11** | **Павлодар** | 1192 | 551 | 579 | 62 |
| **12** | **СҚО** | 752 | 436 | 298 | 18 |
| **13** | **Түркістан** | 105 | 96 | 9 | 0 |
| **14** | **ШҚО** | 472 | 222 | 242 | 8 |
| **15** | **Абай** | 356 | 173 | 167 | 16 |
| **16** | **Жетісу** | 84 | 68 | 14 | 2 |
| **17** | **Ұлытау** | 49 | 11 | 36 | 2 |
| | **Барлығы** | **6357** | **3400** | **2831** | **126** |

Көріп отырғанымыздай, бастауыш шағын жинақтық мектепте – 54 %, негізгі орта шағын жинақты мектепте – 45 % және жалпы орта білім беретін шағын жинақты мектепте – 1 % біріктірілген сынып бары анықталып отыр. Бұл мәселе де шағын жинақты ауыл балаларының білімдегі алшақтығын пайда болуын туғызары сөзсіз.

Шағын жинақты мектептердегі білім алушылардың оқыту тіліне қарай сараласақ, республика бойынша бастауыш білім беру деңгейіндегі 472 шағын жинақты мектептің қазақ тілінде білім беретіні – 343, орыс тіліндегі – 106 және аралас (қазақ, орыс, ұйғыр) тілдерде сабақ өткізетін – 23 мектеп бар. Шағын жинақты мектептердегі оқыту тіліне қарай саралау келесі кестеде берілген.

**3-кесте. Шағын жинақты мектептердегі оқыту тіліне қарай ақпарат**

| № | Облыстар | Барлығы | Бастауыш ШЖМ | | | | Негізгі орта | | | | Жалпы орта | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **бары** | **қаз** | **орыс** | **аралас** | **бары** | **қаз** | **орыс** | **аралас** | **бары** | **қаз** | **орыс** | **аралас** |
| 1 | **Ақмола** | 350 | **44** | 19 | 20 | 5 | **134** | 58 | 59 | 17 | **172** | 36 | 61 | 75 |
| 2 | **Ақтөбе** | 202 | **21** | 20 | 1 | 0 | **75** | 56 | 5 | 14 | **106** | 75 | 7 | 25 |
| 3 | **Алматы** | 82 | **22** | 21 | 0 | 1 | **16** | 13 | 0 | 1/1/1 каз-ұй) /каз,рус,ұй) | **43** | 35 | 0 | 2/6(ұй) |
| 4 | **Атырау** | 27 | **10** | 10 | 0 | 0 | **5** | 5 | 0 | 0 | **12** | 12 | 0 | 0 |
| 5 | **БҚО** | 218 | **59** | 53 | 4 | 2 | **64** | 50 | 6 | 8 | **95** | 71 | 1 | 23 |
| 6 | **Жамбыл** | 123 | **33** | 33 | 0 | 0 | **23** | 21 | 0 | 2 | **67** | 63 | 1 | 3 |
| 7 | **Қарағанды** | 165 | **27** | 25 | 2 | 0 | **48** | 32 | 10 | 6 | **90** | 51 | 11 | 28 |
| 8 | **Қостанай** | 295 | **54** | 15 | 34 | 5 | **96** | 27 | 53 | 16 | **145** | 37 | 67 | 42 |
| 9 | **Қызылорда** | 18 | **8** | 8 | 0 | 0 | **4** | 4 | 0 | 0 | **6** | 6 | 0 | 0 |
| 10 | **Маңғыстау** | 10 | **2** | 2 | 0 | 0 | **2** | 2 | 0 | 0 | **6** | 6 | 0 | 0 |
| 11 | **Павлодар** | 212 | **17** | 13 | 2 | 2 | **72** | 35 | 21 | 16 | **123** | 50 | 7 | 66 |
| 12 | **СҚО** | 351 | **50** | 14 | 35 | 1 | **96** | 36 | 51 | 9 | **205** | 41 | 110 | 54 |
| 13 | **Түркістан** | 135 | **53** | 53 | 0 | 0 | **16** | 16 | 0 | 0 | **66** | 64 | 0 | 2 |
| 14 | **ШҚО** | 198 | **18** | 11 | 6 | 1 | **72** | 45 | 19 | 8 | **108** | 52 | 26 | 30 |
| 15 | **Абай** | 144 | **14** | 10 | 1 | 3 | **35** | 25 | 7 | 3 | **95** | 72 | 13 | 10 |
| 16 | **Жетісу** | 151 | **36** | 32 | 1 | 2 (1 ұйғ) | **33** | 28 | 3 | 2 | **83** | 66 | 1 | 15/1 |
| 17 | **Ұлытау** | 35 | **4** | 4 | 0 | 0 | **11** | 11 | 0 | 0 | **20** | 18 | 0 | 1 |
| | **Барлығы** | **2716** | **472** | 343 | 106 | 23 | **802** | 464 | 237 | 104 | **1442** | 755 | 304 | 383 |

Негізгі орта деңгейде білім беретін – 802 шағын жинақты мектеп болса, оның қазақ тілінде оқытатыны – 464, орыс тілінде оқытатыны – 237 және аралас (қазақ, орыс, ұйғыр) тілде оқытатын – 104 шағын жинақты мектеп бар.

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша – 1442 мектеп тіркелген. Оның қазақ тілінде білім беретіні – 755, орыс тілінде білім беретіні – 304 және аралас (қазақ, орыс, ұйғыр) тілде оқытатыны – 383 шағын жинақты мектеп.

Көріп отырғанымыздай, бастауыш шағын жинақты мектепте – 17,5 %, негізгі орта білім беру деңгейінде – 29,5 % және жалпы орта білім беру деңгейінде – 53 % мектеп қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде білім береді.

Жалпы Республика бойынша шағын жинақты мектептердегі білім алушылар саны бойынша ақпарат келесі кестеде берілген.

**4-кесте. Шағын жинақты мектептегі білім алушылар саны**

| № | Облыстар | Барлығы | Бастауыш ШЖМ | Негізгі орта | Жалпы орта |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ақмола** | 22464 | 549 | 5093 | 16822 |
| 2 | **Ақтөбе** | 14194 | 251 | 3338 | 10605 |
| 3 | **Алматы** | 6083 | 331 | 4866 | 886 |
| 4 | **Атырау** | 1842 | 170 | 285 | 1387 |
| 5 | **БҚО** | 14725 | 534 | 3127 | 11064 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **6** | **Жамбыл** | 10584 | 609 | 1116 | 8859 |
| **7** | **Қарағанды** | 11276 | 242 | 2035 | 8999 |
| **8** | **Қостанай** | 18825 | 447 | 4016 | 14362 |
| **9** | **Қызылорда** | 1535 | 70 | 168 | 1297 |
| **10** | **Маңғыстау** | 883 | 53 | 76 | 754 |
| **11** | **Павлодар** | 13405 | 148 | 2457 | 10800 |
| **12** | **СҚО** | 21416 | 404 | 3296 | 17716 |
| **13** | **Түркістан** | 12136 | 1048 | 1126 | 9962 |
| **14** | **ШҚО** | 12860 | 129 | 2260 | 10471 |
| **15** | **Абай** | 10222 | 166 | 1313 | 8743 |
| **16** | **Жетісу** | 11789 | 424 | 1444 | 9921 |
| **17** | **Ұлытау** | 2212 | 66 | 330 | 1816 |
| | **Барлығы** | **186 451** | **5641** | **36346** | **144 464** |

Кестеден көріп отырғанымыздай, Республика бойынша 186 451 білім алушы шағын жинақты мектепте оқиды. Оның бастауыш шағын жинақты мектебінде – 30 %-ы, негізгі орта білім беру деңгейінде – 19 % және 51 %-ы жалпы орта деңгейде білім алады.

Шағын жинақты мектеп педагогтерінің сапалық құрамы.

Республика бойынша шағын жинақты мектептерде – 49 600 педагог кадр қызмет атқарады. Оның бастауыш білім беру деңгейінде сабақ өткізетін мұғалімдер – 1759, негізгі орта білім беру деңгейінде – 11038 және жалпы білім беру деңгейінде сабақ өткізетін педагогтер – 36803-ті құрайды.

Шағын жинақты мектептердегі «педагог-шеберлер» – 92, «педагог-зерттеуші» – 5691, «педагог-эксперт» – 13109, «педагог-модератор» – 11 096 және «педагог» санатындағылар – 15047. Сондай-ақ, 2022 жылғы қыркүйек айында алынған ҰБДҚ-ның деректері бойынша – «жоғары санатты» – 1750, «бірінші санатты» – 4362, «екінші санатты» – 3801, «үшінші санатты» – 417 педагог шағын жинақты мектепте жұмыс жасайтындығы белгілі болды. Көріп отырғанымыздай, шағын жинақты мектептерде біліктілігі жоғары педагогтердің аздығы, керісінше, санатсыз жүрген педагогтердің көптігі білім сапасына өз әсерін тигізетіндігі белгілі.

Шағын жинақты мектептердегі 49 600 педагогтің жоғары білімдісі – 41616, арнаулы білімдісі – 7981 және жалпы орта білімдісі – 3. Педагог кадрлардың білім деңгейі де білім беру процесіне әсері бар екені белгілі. Келесі кестелерде шағын жинақты мектептердегі педагогтердің сапалық құрамы берілген.

## 5-кесте. Шағын жинақты мектеп педагогтерінің сапалық құрамы

| № | Облыстар | Барлығы | | | | Педагог-шебер | | | Педагог-зерттеуші | | | Педагог- эксперт | | | Педагог-модератор | | | педагог | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | БП | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО |
| 1 | **Ақмола** | **5549** | 125 | 1583 | 3841 | 7 | 1 | 6 | 415 | 69 | 340 | 1522 | 420 | 1075 | 1216 | 299 | 874 | 1526 | 516 | 985 |
| 2 | **Ақтөбе** | **4373** | 95 | 1325 | 2953 | 0 | 1 | 5 | 7 | 128 | 408 | 27 | 268 | 763 | 18 | 274 | 622 | 23 | 363 | 806 |
| 3 | **Алматы** | **1527** | 103 | 237 | 1187 | 0 | 0 | 1 | 7 | 6 | 86 | 17 | 60 | 274 | 13 | 49 | 221 | 53 | 67 | 323 |
| 4 | **Атырау** | **445** | 63 | 78 | 304 | 0 | 0 | 2 | 5 | 5 | 38 | 15 | 22 | 85 | 10 | 12 | 50 | 20 | 25 | 92 |
| 5 | **БҚО** | **4238** | 211 | 1162 | 2865 | 0 | 0 | 5 | 13 | 64 | 295 | 50 | 308 | 871 | 51 | 283 | 688 | 72 | 377 | 717 |
| 6 | **Жамбыл** | **2576** | 160 | 372 | 2044 | 0 | 0 | 12 | 10 | 25 | 286 | 51 | 67 | 450 | 31 | 64 | 331 | 41 | 129 | 587 |
| 7 | **Қарағанды** | **3059** | 78 | 690 | 2291 | 0 | 0 | 1 | 1 | 38 | 260 | 13 | 131 | 492 | 15 | 120 | 350 | 28 | 203 | 590 |
| 8 | **Қостанай** | **4773** | 157 | 1204 | 3412 | 0 | 0 | 14 | 6 | 69 | 364 | 47 | 258 | 830 | 28 | 269 | 785 | 48 | 380 | 912 |
| 9 | **Қызылорда** | **339** | 21 | 60 | 258 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 | 20 | 6 | 20 | 84 | 3 | 11 | 57 | 10 | 21 | 65 |
| 10 | **Маңғыстау** | **237** | 19 | 29 | 189 | 0 | 0 | 0 | 2 | 1 | 28 | 6 | 1 | 37 | 2 | 7 | 28 | 7 | 16 | 58 |
| 11 | **Павлодар** | **4072** | 60 | 944 | 3068 | 0 | 0 | 2 | 5 | 95 | 481 | 20 | 179 | 610 | 10 | 145 | 499 | 14 | 261 | 769 |
| 12 | **СҚО** | **6062** | 139 | 1187 | 4736 | 0 | 0 | 3 | 5 | 80 | 569 | 31 | 266 | 1110 | 29 | 232 | 1012 | 42 | 392 | 1216 |
| 13 | **Түркістан** | **2712** | 267 | 315 | 2130 | 0 | 0 | 11 | 23 | 55 | 355 | 58 | 70 | 437 | 47 | 49 | 347 | 82 | 87 | 571 |
| 14 | **ШҚО** | **3351** | 52 | 805 | 2494 | 0 | 0 | 5 | 5 | 46 | 339 | 9 | 221 | 619 | 8 | 167 | 561 | 19 | 213 | 604 |
| 15 | **Абай** | **2631** | 49 | 407 | 2175 | 0 | 0 | 12 | 4 | 28 | 329 | 13 | 79 | 433 | 16 | 82 | 403 | 11 | 129 | 487 |
| 16 | **Жетісу** | **2998** | 141 | 516 | 2341 | 0 | 0 | 4 | 7 | 30 | 222 | 24 | 90 | 460 | 31 | 89 | 480 | 49 | 185 | 661 |
| 17 | **Ұлытау** | **658** | 19 | 124 | 515 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 14 | 5 | 15 | 90 | 1 | 19 | 88 | 6 | 35 | 154 |
| | **Барлығы** | **49600** | **1759** | **11038** | **36803** | **7** | **2** | **83** | **515** | **742** | **4434** | **1914** | **2475** | **8720** | **1529** | **2171** | **7396** | **2051** | **3399** | **9597** |

**6-кесте. Шағын жинақты мектеп педагогтерінің сапалық құрамы**

| № | Облыстар | Жоғары категория | | | Бірінші категория | | | Екінші категория | | | Үшінші категория | | | Категориясы жоқ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО | БМ | НО | ЖО |
| 1 | **Ақмола** | 124 | 28 | 95 | 417 | 153 | 250 | 322 | 97 | 216 | 417 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2 | **Ақтөбе** | 0 | 13 | 51 | 8 | 120 | 151 | 12 | 58 | 147 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 3 | **Алматы** | 3 | 4 | 38 | 5 | 25 | 109 | 5 | 26 | 135 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4 | **Атырау** | 1 | 1 | 3 | 3 | 6 | 16 | 9 | 7 | 18 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 5 | **БҚО** | 0 | 6 | 26 | 10 | 62 | 118 | 15 | 62 | 145 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 6 | **Жамбыл** | 2 | 23 | 79 | 11 | 34 | 153 | 14 | 30 | 146 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 7 | **Қарағанды** | 1 | 27 | 127 | 9 | 95 | 240 | 11 | 76 | 231 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 8 | **Қостанай** | 2 | 29 | 92 | 18 | 116 | 244 | 8 | 83 | 171 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 9 | **Қызылорда** | 0 | 1 | 2 | 1 | 2 | 9 | 1 | 2 | 21 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 10 | **Маңғыстау** | 0 | 2 | 5 | 1 | 2 | 13 | 1 | 0 | 20 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 11 | **Павлодар** | 2 | 43 | 191 | 5 | 125 | 312 | 4 | 96 | 204 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 12 | **СҚО** | 0 | 39 | 188 | 19 | 89 | 370 | 13 | 89 | 268 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 13 | **Түркістан** | 6 | 4 | 82 | 17 | 17 | 130 | 34 | 33 | 197 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 14 | **ШҚО** | 0 | 15 | 80 | 7 | 69 | 126 | 4 | 74 | 160 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 15 | **Абай** | 1 | 15 | 165 | 2 | 37 | 181 | 2 | 37 | 165 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 16 | **Жетісу** | 1 | 12 | 91 | 36 | 60 | 244 | 13 | 50 | 179 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 17 | **Ұлытау** | 1 | 5 | 24 | 6 | 27 | 82 | 4 | 23 | 63 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| | **Барлығы** | **144** | **267** | **1339** | **575** | **1039** | **2748** | **472** | **843** | **2486** | **417** | **0** | **0** | **0** | **0** | **0** |

Білім беру саласында оқушылардың сапалы білім алуына мектептің МТБ-сы мен білім алып жатқан ғимараты да әсер етері анық. Бүгінгі таңда ҰББДҚҚ (Ұлттық білім беру деректер қорының) мәліметі бойынша кесте төменде берілген.

**7-кесте. Апатты шағын жинақты мектептер**

| № | **Облыстар** | **ЖО** | **Жобалық қуаттылығы** | **НО** | **Жобалық қуаттылығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ақмола** | 2 | 254 | | |
| 2 | **Ақтөбе** | 1 | 320 | 1 | 50 |
| 3 | **Алматы** | 0 | | | |
| 4 | **Атырау** | 0 | | | |
| 5 | **БҚО** | 4 | 250 | 1 | 60 |
| 6 | **Жамбыл** | 0 | | | |
| 7 | **Қарағанды** | 1 | 464 | | |
| 8 | **Қостанай** | 0 | | | |
| 9 | **Қызылорда** | 0 | | | |
| 10 | **Маңғыстау** | 1 | 180 | | |
| 11 | **Павлодар** | 0 | | | |
| 12 | **СҚО** | 2 | 272 | | |
| 13 | **Түркістан** | 0 | | | |
| 14 | **ШҚО** | 0 | | | |
| 15 | **Абай** | 0 | | 1 | 100 |
| 16 | **Жетісу** | 0 | | | |
| 17 | **Ұлытау** | 0 | | 1 | 75 |
| | **Барлығы** | **11** | **1740** | **4** | **285** |

Кестеден көріп отырғанымыздай, Республика бойынша 11 апатты шағын жинақты мектеп бар. Бұл мектептердің жобалық қуаты – 1740 орын. Яғни, жергілікті атқарушы органдар апатты мектептердің жағдайын жақсарту бойынша жұмыстарды жүргізу керек.

**1.2 Тірек мектептері бойынша ақпарат.** Жергілікті атқарушы органдардан алынған мәлімет бойынша 2021-2022 оқу жылы мен 2022-2023 оқу жылын салыстырсақ 1 тірек мектебі жабылғаны анықталды. Бұл жерде Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) жабылу мәселесі мектептің «тірек мектебі» ретінде өз деңгейінде жұмыс жүргізе алмауы және т.б. себептер әсер етуі мүмкін.

2022-2023 оқу жылындағы мәлімет бойынша Республика бойынша 192 тірек мектебі тіркелген. Оның Ақмола облысында – 22, Ақтөбе облысында – 11, Алматы облысында – 4, Шығыс Қазақстан облысында – 5, Жамбыл облысында – 10, Батыс Қазақстан облысында – 19, Қарағанды облысында – 33, Қостанай облысында – 20, Маңғыстау облысында – 1, Абай облысында – 2, Жетісу облысында – 5, Ұлытау облысында – 6, Павлодар облысында – 19, Солтүстік Қазақстан облысында – 28, Түркістан облысында 7 тірек мектебі тіркелген. Келесі суретте тірек мектептері бойынша ақпарат берілген.

**2-сурет. Тірек мектептер бойынша ақпарат**




Берілген 192 тірек мектебіне Республика бойынша 585 магнитті мектеп тіркелген. Оның Ақмола облысында – 43, Ақтөбе облысында – 25, Алматы облысында – 15, Шығыс Қазақстан облысында – 24, Жамбыл облысында – 33, Батыс Қазақстан облысында – 37, Қарағанды облысында – 139, Қостанай облысында – 68, Қызылорда облысында – 1, Маңғыстау облысында – 5, Абай облысында – 16, Жетісу облысында – 18, Ұлытау облысында – 25, Павлодар облысында – 62, Павлодар облысында – 68, Түркістан облысында – 7 магнитті мектеп тіркелген.

Республика бойынша 191 интернат тірек мектебінің қасында орналасқан. Бүгінде Республика бойынша тасымалдау мәселесі 92 мектепте шешілген. Жалпы тасымалданатын контингент – 3376 білім алушы. Тірек мектептерге бекітілген магнитті мектептер келесі суретте берілген.

**3-сурет. Магнитті мектептер бойынша ақпарат**




Республика бойынша тіркелген магнитті мектептер саны – 584. Кестеде көрсетілгендей, ең көп магнитті мектеп Қарағанды облысында (139), Солтүстік Қазақстан облысында (70), Қостанай облысында (67) орналасқан. Ал ҰББДҚ-дан алынған мәлімет бойынша Атырау, Қызылорда облыстарында тірек мектептер болмаса да магнитті мектептер көрсетілген.

Сессия кезінде магнитті мектеп білім алушыларын тірек мектептерге тасымалдау мәселесі шешілмеген жағдайлар да кездеседі. Сессия жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылмау мәселесі көбіне тасымалдау мәселесі мен білім алушылардың сессия уақытында тұратын интернат мәселесіне де байланысты болады. ҰББДҚ-дан алынған мәліметтер негізінде ұсынылған келесі кестеде тасымалдау мәселесі берілген. 2022 оқу жылының қыркүйек айындағы мәліметтер негізінде 92 тірек мектепке тасымалдау ұйымдастырылған.

Тасымалданатын білім алушы саны – 3376. Тасымалдау мәселесі жергілікті атқарушы органдар есебінен жүзеге асырылып отыр.

**8-кесте. Интернат мәселесі**

| № | Облыстар | тасымалдау | Тасымалданатын контингент |
|---|---|---|---|
| 1 | **Ақмола** | 12 | 202 |
| 2 | **Ақтөбе** | 4 | 116 |
| 3 | **Алматы** | 0 | 26 |
| 4 | **Атырау** | 0 | 0 |
| 5 | **БҚО** | 6 | 252 |
| 6 | **Жамбыл** | 9 | 659 |
| 7 | **Қарағанды** | 15 | 784 |
| 8 | **Қостанай** | 0 | 380 |
| 9 | **Қызылорда** | 0 | 0 |
| 10 | **Маңғыстау** | 0 | 2 |
| 11 | **Павлодар** | 12 | 337 |
| 12 | **СҚО** | 23 | 437 |
| 13 | **Түркістан** | 2 | 0 |
| 14 | **ШҚО** | 3 | 49 |
| 15 | **Абай** | 1 | 25 |
| 16 | **Жетісу** | 2 | 50 |
| 17 | **Ұлытау** | 3 | 57 |
| | **Барлығы** | **92** | **3376** |

Тасымалдау мәселесі Қарағанды, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарында ұйымдастыру жағынан жолға қойылған. ҰББДҚ-ның мәліметтерінде Түркістан облысында тасымалдау 2 деп берілсе, тасымалданатын контингент 0 деп көрсетілген. Бұл ретте Түркістан облысының білім басшылығына Ұлттық білім беру деректер қорын толтырған кезде жауапкершілікпен толтыру ұсынылады.

Келесі кестеде 2022 жылғы қыркүйек айында алынған мәліметтер бойынша 181 тірек мектебі мен 596 магнитті мектеп базаға тіркелген және ондағы білім алушы саны – 43186 білім алушыны құрап отыр.

**9-кесте. Тірек мектептері**

| № | Облыстар | Тірек мектебі | Магнитті мектеп | контингент |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ақмола** | 22 | 44 | 2700 |
| 2 | **Ақтөбе** | 11 | 26 | 1777 |
| 3 | **Алматы** | 4 | 16 | 1547 |
| 4 | **Атырау** | 0 | 0 | 0 |
| 5 | **БҚО** | 19 | 38 | 2645 |
| 6 | **Жамбыл** | 10 | 34 | 3783 |
| 7 | **Қарағанды** | 33 | 144 | 9894 |
| 8 | **Қостанай** | 20 | 68 | 4580 |
| 9 | **Қызылорда** | 0 | 1 | 42 |
| 10 | **Маңғыстау** | 1 | 5 | 595 |
| 11 | **Павлодар** | 19 | 62 | 5250 |
| 12 | **СҚО** | 28 | 68 | 3227 |
| 13 | **Түркістан** | 7 | 6 | 548 |
| 14 | **ШҚО** | 5 | 25 | 1708 |
| 15 | **Абай** | 2 | 16 | 1139 |
| 16 | **Жетісу** | 0 | 18 | 2125 |
| 17 | **Ұлытау** | 0 | 25 | 1626 |

| | Барлығы | 181 | 596 | 43186 |
|---|---|---|---|---|

Республика бойынша тірек мектептердің көп саны – 33. Қарағанды облысында тірек мектептерге – 144 магнитті мектептер тіркелген және ондағы білім алуы саны – 9894.

Келесі кестеде шағын жинақты мектептердегі педагогтердің білімі бойынша ақпарат берілген.

**10-кесте. ШЖМ-дағы педагогтердің білімі**

| № | **Облыстар** | **Барлығы** | **Жоғары білімді** | **Арнаулы білімді** | **Жалпы орта** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ақмола** | 5549 | 4534 | 1013 | 2 |
| 2 | **Ақтөбе** | 4373 | 3473 | 900 | 0 |
| 3 | **Алматы** | 1527 | 1370 | 157 | 0 |
| 4 | **Атырау** | 445 | 373 | 72 | 0 |
| 5 | **БҚО** | 4238 | 3379 | 859 | 0 |
| 6 | **Жамбыл** | 2576 | 2333 | 243 | 0 |
| 7 | **Қарағанды** | 3059 | 2419 | 640 | 0 |
| 8 | **Қостанай** | 4773 | 3965 | 808 | 0 |
| 9 | **Қызылорда** | 339 | 324 | 15 | 0 |
| 10 | **Маңғыстау** | 237 | 192 | 45 | 0 |
| 11 | **Павлодар** | 4072 | 3415 | 657 | 0 |
| 12 | **СҚО** | 6062 | 5074 | 987 | 1 |
| 13 | **Түркістан** | 2712 | 2627 | 85 | 0 |
| 14 | **ШҚО** | 3351 | 2697 | 654 | 0 |
| 15 | **Абай** | 2631 | 2252 | 379 | 0 |
| 16 | **Жетісу** | 2998 | 2668 | 330 | 0 |
| 17 | **Ұлытау** | 658 | 521 | 137 | 0 |
| | **Барлығы** | **49600** | **41616 (84)** | **7981 (16)** | **3** |

Көріп отырғанымыздай, шағын жинақты мектептерде жоғары білімі бар педагог саны – 84 % болса, арнаулы білімді педагогтер – 16%-ды құрап отыр. Сонымен қатар деректер қорында 3 педагогтің арнаулы білімі бар екені көрсетілген. Оның 2-і Ақмола облысында және 1-і Солтүстік Қазақстан облысында тіркелген.

Педагогтердің, оның ішінде шағын жинақты ауыл мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау мәселесі бойынша ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» № 110 бұйрығы негізінде жүзеге асырылып, қайта даярлау курстарынан өтуге мүмкіндігі де бар [12].

Педагогтік қайта даярлау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін педагогикалық білімі жоқ тұлғаларды педагогикалық қайта даярлау (бұдан әрі – курстар) тәртібін айқындайды.

Тыңдаушы – педагогтік білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар жоғары және

(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖОО) базасында педагогтік қайта даярлаудан өтеді.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мектебі жоқ (жабылған) 1051 ауылдық елдімекен бары анықталып отыр. Ол ауылдарда мектеп жасындағы 21 775 білім алушылар тұрады. Бүгінде осы ауылдардағы білім алушыларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін 758 бірлік автокөлік пайдаланылып келеді.

Бұл ретте ауылдарды сақтау үшін ауылдың барлық мүмкіндіктері мен болашағын қарастырған маңызды. Солардың бірі – оңтүстік өңірлерден тұрғындарды көшіру арқылы контингентті ұлғайту мүмкіндігі, педагогтер үшін жағдай жасау арқылы кадр мәселесін шешу және т.б.

2022 жылы 1003 ауыл мектебі жаңғыртылады. 560 мектепте күрделі және кешенді ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі, 2068 пәндік кабинет сатып алынады, 598 мектепте жиһаз жаңартылады, 862 кітапхана жаңғыртудан өтеді, 2 млн. дана көлемінде көркем және танымдық балалар әдебиеті сатып алынады, 574 асхана жаңғыртылады. 554 мектепте қауіпсіздік жағдайы жақсарады.

**1.3 Тірек мектептерін құру тарихы.** Ауыл мектептерінің жағдайы мен білім сапасын жақсарту жолында еңбек еткен белгілі ғалым, т.ғ.к., профессор Сәбит Сейітұлы Қонтаев «Тірек мектебі» моделін құру арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп, идея жүзеге аса бастады.

Автордың ойынша «Тірек мектебі (ресурстық орталық)» құрудағы мақсат – ауыл балаларына МЖМББС-ға сәйкес сапалы білім беру механизмін құру».

**Міндеттері**:

- педагогтердің біліктілік сапасын арттыру;
- мектептердің МТБ жағдайын жақсарту;
- МЖМББС-ға сәйкес сапалы білім беру;
- жабдықталған кабинеттерде оқушыларға сабақтар өткізу;
- әлеуметтік жағдайды жақсарту (әлеуметтендіру, қарым-қатынас жасау, басқа ортамен араласу және т.б.)
- оқушыларды өмірге бейімдеу (сессияларды ұйымдастыру, пікірталас, дөңгелек үстел және т.б.);
- зертханалық жұмыстарды жабдықталған кабинеттерде өткізу;
- бейіндік және бейіналды пәндерді оқытуды ұйымдастыру;
- ерте кәсіби білім беру;
- ауылдық білім алушыларды дамыту және т.б.

**Автордың идеясы бойынша алдағы уақытта жүзеге асыратын мәселелер:**

1. Бірыңғай оқу жоспарын сараптамадан өткізу;
2. Шағын жинақты мектептердің критерийін қайта қарау;
3. Мектептердің даму бағдарламасын қайта қарау;
4. Тірек мектептердің көмегін арттыру.

Осылайша профессор С. Қонтаевтың «Тірек мектебі (ресурстық орталық)» идеясы келесі нормативтік құжаттарда көрініс тапты. Оны келесі салыстырмалы кестеден көруге болады.

**11-кесте. Салыстырмалы кесте.**

| № | Бұйрықтың атауы | Тірек мектебі | ШЖМ | Магнитті мектептер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңының 53-10-тармақшасында** | «Тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қысқа мерзімді сессиялық сабақтарын, аралық және қорытынды аттестатталуын өткізу үшін таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары оның базасында шоғырланатын орта білім беру ұйымы» | 58-тармағында: «Шағын жинақты мектеп» – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп» | Анықтама берілмеген |
| 2 | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Күшін жойған № 375 бұйрығында** | Тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы | «Шағын жинақты мектеп» – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп | «Магниттік мектеп» – аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің бұйрығымен тірек мектебіне (ресурстық орталыққа) бекітілген шағын жинақты мектеп» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 614 бұйрығында** | Тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы | шағын жинақты мектеп» – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп | Анықтама берілмеген |
| 4 | **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығында** | тірек мектеп (ресурс орталығы)» – шағын жинақталған мектеп білім алушылардың сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы | шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп | Анықтама берілмеген |

Кестеден көріп отырғанымыздай, магнитті мектептерге бір НҚА-да анықтама берілсе, енді біреуінде анықтама берілмей кеткен.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» пилоттық жобасын жүзеге асыруда келесі кестеде берілген НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады

**12-кесте. НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар**

| № | Бұйрықтың атауы | тарауына | қолданыстағы | Ұсыныстар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы** | Жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын оқу орындарының (сыныптардың, топтардың) бейіндік бағыттағы пәндер бойынша жұмыс істейтін педагогтеріне; жаңашылдық, эксперименттік режимде жұмыс істейтін (лицейлердің, гимназиялардың, техникалық лицейлердің, мектепке дейінгі және жалпы білім беру бағытындағы оқу тәрбие кешендерінің), сондай-ақ балаларды тәрбиелеу шет тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерге | БЛА-дан 20 % | Сессияны ұйымдастыратын педагогтерге |
| 2 | **Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы** | Педагог лауазымдарының тізбесі | Құрылымдық бөлімшенің (бөлімнің, бөлімшенің) жетекшісі (меңгеруші, басшы)<br><br>Педагог-ассистент | **Толықтыруға:** «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептердің» директоры<br><br>Магнитті мектеп (бөлімше) басшысы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Виртуалды педагог<br><br>Виртуалды педагогтің ассистенті |
| 3 | **Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы** | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары | Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары | «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептердің» директоры<br><br>Магнитті мектеп (бөлімше) басшысы |
| 4 | **Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы** | 3-тарау. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру<br>1-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының басшысы (директор, меңгерушісі) | Лауазымдық міндеттерге<br><br>Білуге тиіске<br><br>Біліктілікке қойылатын талаптарға толықтырулар мен өзгерістер енгізу керек<br><br>2) шағын жинақты мектептердің басшысы (директоры) үшін | «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептердің» директорының лауазымдық міндетін Магнитті мектеп (бөлімше) басшысының лауазымдық міндетін қосу<br>2) Магнитті мектеп (бөлімше) басшылары үшін деп өзгерту керек |
| 5 | **Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының** | Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары<br>3. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылды: | 9) шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;<br>10) тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп білім алушылардың сапалы білім | ***Толықтыруға:***<br><br>«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені»<br><br>Тірек мектебі – анықтамасын жаңа үлгіде жазуға<br><br>Магнитті мектептерді – жаңа үлгіде жазуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы** | | | алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы; | |
| | | 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары | Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша ұйымдарының негізгі түрлері мыналар болып табылады: 1) шағын жинақты мектеп ( бұдан әрі - ШЖМ), тірек мектеп; | ***Т****олықтыруға:* «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені»<br><br>*Шағын жинақты мектеп*<br><br>*Магнитті мектептер* |
| | | 1-параграф. Шағын жинақты мектептер, тірек мектептері қызметінің үлгілік қағидалары | ШЖМ негізгі мақсаттары мен міндеттері:<br><br>Тұрғындарының саны аз әрбір елді мекенде бастауыш ШЖМ білім алушылардың саны 5-тен 40 адамға дейін; негізгі ШЖМ білім алушылардың саны 41-ден 80 адамға дейін; орта ШЖМ білім алушылардың саны 81-ден 180 адамға дейін | Өзгеріс енгізуге:<br><br>«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | болған жағдайда жұмыс істейді. ШЖМ-да оқу-тәрбие процесі біріктірілген немесе жеке сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі. | |
| 6 | **«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы** | Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер | Шағын жинақты мектеп – білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп; тірек мектеп (ресурс орталығы) – шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы; | Т*олықтыру мен өзгерістер енгізу ұсынылады:*<br><br>Тірек мектебі (ресурстық орталық) анықтамасына<br><br>«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені»<br><br>Шағын жинақты мектеп<br><br>Магнитті мектептер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары | Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша ұйымдарының негізгі түрлері мыналар болып табылады:<br>1)шағын жинақты мектеп (бұдан әрі - ШЖМ), тірек мектеп; | Т*олықтырулар ұсынылады:*<br><br>«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені»<br><br>*Тірек мектебі Шағын жинақты мектеп*<br><br>*Магнитті мектептер* |

«Тірек мектептері» (ресурстық орталық) жобасы алғашқыда қарқынды жұмыс жүргізді. Алайда, қаржыландыру жергілікті орындаушы органдарға берілген кезде, мектептердегі сессиялық жұмыстарды орындау қиынға түсіп, тек қағаз жүзінде ғана мектептер «тірек мектебі» статусында қалды.

Президент Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына бірінші, сондай-ақ екінші Жолдауында мектеп оқушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі шараларды әзірлеу қажеттілігін баяндалды. 2020 жылғы 1-қыркүйектегі мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек… Осыған орай, мемлекет қарапайым мектептерге қолдау көрсетеді. Сонымен бірге бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашады», – деді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы №726 қаулысының 2-міндеті «Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA) 3-міндеті «Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз етуді» орындау үшін «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені пилоттық жобасын жүзеге асыру көзделіп отыр.

Жобада 5-6 шағын жинақты мектепті бір тірек мектебіне біріктіру арқылы ортақ қаржыландыру мен ортақ басқару жүйесін құру көзделіп отыр. Сонымен қатар тірек мектептердегі педагогтердің сапасын жақсарту арқылы шағын жинақты мектептерде сапалы білім беруге қол жеткізу мәселесі қарастырылады.

Жоба негізінде тірек мектептердің «Математика» (5-6-сынып), «Алгебра» (7-9-сынып), Геометрия (7-9-сынып), «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сынып) және «Ағылшын тілі» (5-11-сынып) пәндерін қашықтан виртуалды оқыту көзделіп отыр. Ол үшін мектептің интернет жылдамдығы мен МТБ-сы

зерделеніп, қажетті сапаны жақсарту жұмыстары қосымша жүргізіледі.

Қашықтан, виртуалды оқытуды «Daryn.Online» компаниясы өз платформасында жүзеге асырады. Алдағы уақытта мектептердің сұранысы бойынша басқа да пәндерді виртуалды педагогтің көмегімен оқытуға болады. Осы ретте қашықтан оқыту жағдайы бойынша халықаралық тәжірибені зерделеп көрсек.

## 1.3 Шағын жинақты мектептерде қашықтан оқыту бойынша халықаралық тәжірибе

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, шағын жинақты мектептердің жағдайы әлдеқайда жақсы екенін байқадық. Мәселен, АҚШ пен Австралияда шағын жинақты мектептерді жетекші мектептердің қамқорлығына беру арқылы шағын жинақты мектептерің жабылуының алдын алса, Канада мен Польшада қашықтан оқыту технологияларымен сабақ жүргізу жолға қойылған. АҚШ пен Финляндияда интернаттар жоқ, оқушыларды тасымалдау мәселесі шешілген. Австралия мен Швецияда шағын жинақты мектептерді кластерлік механизмде қарастырады. Франция мен Норвегияда шағын жинақты мектептер республиканың игілігі болып саналады. Ресейде ауыл мектептерін жанбасына қаржыландырудың тиімсіздігі анықталған. Украинада шағын жинақты мектептерді жабу – тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылатындығы белгілі болды.

Халықаралық тәжірибеде пандемия кезінде онлайн оқытуды зерделей келе келесідей жағдайларды байқадық:

Шағын жинақты мектептерде қашықтан оқыту кезінде педагогтер құрамы жетекші мектептердің педагогтерінен жасақталған.

Қашықтан оқытудың барлық түрлерін ұйымдастыруды Ұлттық қашықтан оқыту орталығы (МБҰО) жүзеге асырған.

Сондай-ақ зертханалық эксперименттерді жабдықтарсыз және сарапшылардың бақылауынсыз жүргізу қауіпті делінген.

Білім беру сарапшылары қашықтан оқытуға бейнеконференция форматындағы сабақтар түрінде ұйымдастырылып, олар 45 минуттан аспауы қажеттігі, себебі онлайн кездесулер балалардан көбірек назар аударуды талап ететінін айтқан. Онлайн сабақтар күніне төрт сабақтан аспауы керек. Қалған уақытты білім алушылар физикалық белсенділікке арнауы керектігіне кеңес береді.

## 1.4 Отандық тәжірибедегі қашықтан оқыту мәселесі

Қашықтан оқыту барысындағы отандық тәжірибе

Пандемия кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ең алдымен қашықтан оқыту бойынша халықаралық тәжірибені зерделеді. Әлем бойынша оқытудың балама түрлері ойластырылды. Сонымен қатар пандемия кезінде қашықтан білім беру үшін сабақтар телеарналар арқылы трансляцияланды, видеосабақтарды арнайы платформаларға жүктеу, радио арқылы сабақтарды аудиотрансляциялау, электрондық пошта және пошта қызметі сынды т.б. тәсілдер пайдаланылды.

Пандемия уақытында қабылданған шаралар қазақстандық мектептер үшін де жаңа әрі күтпеген жағдай болды. Жаңа оқу форматына дайындық барысында басты мәселелер анықталды.

Солардың бірі – орта білім беру жүйесінің дайындық факторы: дағдарыс жағдайында қашықтан оқытуға көшу, әсіресе, ауылдық мектептердегі педагогтердің ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Екіншіден, бұл – сыртқы факторлар: интернет-байланыс факторы, инфрақұрылымдар, кері байланыс орнату үшін қажетті жабдықтардың жетіспеуі.

Үшіншіден, білім алушылардың басым көпшілігімен бір мезгілде стримингтік байланыс ұйымдастыруға жағдай жасайтын отандық IT-платформалардың болмауы, цифрлық білім беру контентінің және Интернет арқылы сабақ өткізу үшін толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Осы мәселелерді шешу үшін аз уақыттың ішінде материалдарды, бағдарламаларды дайындауға, видеосабақтарды түсіруге, оқытудың, бағалаудың жаңа ережелері мен нұсқаулықтарын әзірлеуге, педагогтер үшін оқыту курстарын өткізуге және қашықтан оқыту үшін арнайы интернет-платформалардың жұмысын жеделдетуге тура келді.

Министрлік халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік банктің ұсынымдарын зерделеп, туындаған мәселелер мен мүмкіндіктерімізді ескере отырып, қашықтан оқытудың бірнеше технологиясын бірден қолдану қажет деп шешті. Олар:

1) интернет арқылы оқыту;

2) телеарналар мен радио арқылы білім беру;

3) шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елдімекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу.

Осылайша 4-тоқсанда 2,4 млн. білім алушы Интернет арқылы білім алды. Мектептердің жұмысын жандандырған «Daryn.Online», «BilimLand» интернет-платформалары және «Күнделік» жүйесі қолжетімді болды.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде педагогтер сабақтарды көбіне «Microsoft Teams», «Meet by Google Hangouts» сияқты басқа да шетелдік стримингтік жүйелер арқылы өткізеді.

«Балапан» және «Ел Арна» арналарында телесабақтар арқылы оқыту кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, салалық министрлік пен «Қазақстан РТРК» корпорациясының қолдауымен жергілікті арналарда телесабақтарды ретрансляциялау ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту форматы педагогтер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты реттеп, бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығын айқын көрсетті.

Қашықтан білім беру кезінде мектеп пен мұғалімнің жұмысы көбеймесе, азаймайды. Біз бұл технологияны ауа райының қолайсыздығына байланысты оқушыларды сабақтан босатқанда немесе баланың денсаулығына байланысты үйінде оқуға мәжбүр болғанда не шағын жинақты мектеп оқушыларының білім

алуына қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет болған жағдайда қолдануға тиімді.

Қалалармен қоса ауылдарда да нақты жағдайларды көру керек және шешім қабылдағанда барлық мүмкіндікті ескеру керек. Әлі де болса көп нәрсені қайта қарастырып, қорытынды жасап, жаңа стратегияларды әзірлеу қажет. Алда күтіп тұрған жаңа сынақтардан өту үшін ескі тәжірибе дәрменсіз болуы мүмкін. Осы орайда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының міндеті – жаңа, тың шешімдерді іздеу. Осыған байланысты Академия отандық және шетелдік тиімді тәжірибелерді жинақтап, оларды білім беру процесіне енгізуді жоспарлап отыр.

### 1.5 Ауыл мектептерінің халықаралық зерттеулерге қатысуы мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы жылдағы Ұлттық баяндамада және 2018 жылғы «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебі негізінде ауыл мектептері білім алушыларының білім сапасы қала мектептерінің білім сапасына қарағанда оқу сауаттылығы бойынша – 38 балға, математикалық сауаттылық бойынша – 22 балға, жаратылыстану – ғылыми сауаттылықтары бойынша – 23 балға төмен екені анықталып отыр. Компьютерлік сауаттылық бойынша ауыл оқушылары қалалық білім алушылардан 70 балға артта қалғаны белгілі болды. Сондықтан халықаралық зерттеулер нәтижесінде көрсетілген алшақтықты азайту мақсатында ауыл мектебінің педагогтері мен мектеп әкімшілігіне тиісті жұмыстар жүргізуге және халықаралық зерттеудің өтуіне жауапкершілікпен қарау ұсынылады.

Ауыл мектептеріндегі проблемалардың бірі – мектептерінің инфрақұрылымы және материалдық-техникалық жабдықталуы, кадр мәселесі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықтау және қашықтан оқыту мәселесі, шағын жинақты мектептердегі педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу және т.б.

Осы ретте «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» алдағы уақытта туындаған барлық мәселелерді, қойылған міндеттерді жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізеді. Пилоттық жобаның алғашқы жылы Солтүстік Қазақстан облысында іске асырылып, нәтижелері жарияланады. Келесі оқу жылында жіберілген қиындықтар мен ескеруі керек жұмыстар жүргізілетін болады.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын құрудың негізгі идеясы – ауылдық шағын жинақты мектеп білім алушыларын Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай тең құқылы, қолжетімді білім алуына жағдай жасау. Тірек мектептерін үйлестіруші мектеп ретінде қалыптастырып, магнитті мектептердің білім алушыларына заманауи талаптарға сай білім беруді ұйымдастыру. Тірек мектептерін жетекші мектептер ретінде қалыптастыра отыра зертханалық жұмыстарды виртуалды зертханаларда жүргізуді ұйымдастыру және т.б. жұмыстарды жүргізу.

## 2. «ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҮЙЛЕСТІРУ

### 2.1 «Тірек мектебі – магнитті мектеп» кешені жобасының қызметі

«Тірек мектебі (ресурстық орталық)» – магнитті мектептер» кешені» жобасының қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобаларын бекіту туралы» бұйрығының және «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасының қызметі туралы Ереже негізінде жүзеге асырылады. Пилоттық жобаны Республика бойынша жүзеге асыру бойынша ұсыныс келесі суретте берілген.

**4-сурет. «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешенін» Республика деңгейінде жүзеге асыру бойынша ұсыныс**




Суретте көрсетілген кесте бойынша Жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасының қызметі туралы ережеде пилоттық жобаның жұмысы толықтай қамтылады. Жалпы Ереже 5 тараудан тұрады.

Бірінші тарау «Жалпы ережелер» тарауы деп берілген. Бұнда «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешені» пилоттық жобасын (бұдан әрі – Ереже, Жоба) ұйымдастыру және енгізу туралы айтылған. Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы» 2021 жылғы 26 ақпандағы № 520 Жарлығының 3-тармағына («Сапалы білім») және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 қаулысының міндеттерін; Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» талаптарына сәйкес әзірленгенді.

Ережені іске асыру «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы сәйкес жүзеге асырылатындығы айтылды.

Сонымен қатар «Тірек мектебі (ресурстық орталық») – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасында келесі терминдер қолданылады:

**1) «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені»** – тірек мектебі (РО) мен магнитті магниттерді орталықтандырылған жүйе құру арқылы бірлесіп қаржыландыру тетігі мен жалпы басқару жүйесіне негізделген бірнеше құрылымдық бөлімшелерді біріктіріп, виртуалды білім беруді жүзеге асыратын жалпы орта білім беру ұйымы;

**2) тірек мектебі (ресурстық орталық)** – магнитті шағын жинақты мектеп оқушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қысқа мерзімді сессиялық сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу үшін базасында жақын маңдағы магниттік мектептердің білім беру ресурстары шоғырландырылатын жалпы орта білім беру ұйымы;

**3) магниттік мектеп (бөлімше)** – жеке тұлға болып табылмайтын, Облыстық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген тірек мектеппен бірлескен оқу-тәрбие, әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын білім беру ұйымы;

**4) «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешенінің» директоры** – жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі болуы, басшының орынбасары лауазымында орта білім беру ұйымының басшысы лауазымында кемінде 2 жыл өтілі немесе жоғары біліктілік санатының немесе «педагог – сарапшының», «педагог – зерттеушінің», «педагог – шебердің» біліктілік санатының болуы, «бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» біліктілік санатының «басшы – ұйымдастырушы», «басшы-менеджер» немесе «басшы-көшбасшы» біліктілік санаты бар бірлесіп қаржыландыру тетігіне және жалпы басқару жүйесіне негізделген бірнеше құрылымдық бөлімшелерді (толық жинақты мектеп пен магниттік мектептер) біріктіретін жалпы орта білім беру ұйымының басшысы.

**5) магниттік мектеп (бөлімше) басшысы** – жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі/педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, оның ішінде соңғы 2 жыл үздіксіз педагогикалық өтілі, облыстық/ республикалық немесе халықаралық олимпиадалардың, орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздарын дайындаған жалпы білім беретін мектепте, гимназияда, лицейде басшының орынбасары/басшы лауазымындағы өтілі кемінде 2 жыл / жоғары біліктілік санатының немесе «педагог – сарапшының»/ «педагог – зерттеушінің»/ «педагог – шебердің» біліктілік санатының болуы/ білім беру ұйымының «үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары»/«екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары»/ «бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» біліктілік санатының не «басшы-

ұйымдастырушы» немесе «басшы-менеджер» немесе басшы-көшбасшы біліктілік санаты бар мектепішілік бақылауды жүзеге асыратын, сыныптан тыс жұмыстарға, қосымша білім беруге жетекшілік ететін, мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіретін және бақылайтын, оқу процесін ұйымдастыратын (бірыңғай кесте, сессиялық/сессияаралық жұмыс) тұлға.

**5) виртуалды сынып** – білім алушылар мен педагог интернет желісін пайдалана отырып, өзара қарым-қатынас жасауға, ақпаратты беруге және талдауға мүмкіндік алатын қашықтан оқыту технологиясы немесе виртуалды оқыту платформасында жасақталған сынып.

**6) виртуалды педагог** – тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеуде магнитті мектептерде виртуалды сабақтар өткізу, магнитті мектеп педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсету бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға;

**7) виртуалды педагогтің ассистенті** – тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар, магнитті мектепте онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша виртуалды педагогтің көмекшісі ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын магнитті мектеп педагогі немесе жауапты тұлға.

**«Жобаның өзектілігі мен басым бағыттары»**

Бүгінгі таңда ауылдық жердегі шағын жинақты мектептердің жыл сайын жабылу қарқыны артып келеді. Бүгінде шағын жинақты мектептердің қарқынды дамымай және одан әрі дамуға мүмкіндігінің жоқтығы, біріктірілген сыныптардағы педагогтердің бірнеше сынып білім алушыларына қатар бірнеше пәннен сабақ өткізу арқылы білім беру сапасының төмен болуы, осыған байланысты педагогтер жүктемесінің арттыруы, МТБ жағдайының төмендігі және т.б. мәселелер – күн тәртібінде шешуді қажет ететін мәселелердің бірі.

Сондықтан қазіргі кезде ауыл мектептерінің білім сапасын арттыру, өңірлер арасындағы білімдегі алшақты азайту, заман талабына сай заманауи, виртуалды білім беру қажеттілігі туындап отыр.

Осыған орай Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының білім сапасына бағытталған міндеттерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 қаулысының міндеттерін орындауда ортақ қаржыландыру мен басқару жүйесіне және заманауи виртуалды білім беру жүйесіне негізделген «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын құру қажеттілігі туындап отыр.

**«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобаның өзектілігі**

2022-2023 оқу жылында Пилоттық жобаға Солтүстік Қазақстан облысының 351 шағын жинақты мектебі, 2023-2024 оқу жылында Республика бойынша 1473 және 2024-2025 оқу жылында 892 шағын жинақты мектептері жетекші тірек мектептерге бекітіліп, жаңаша үлгіде жұмысын жүргізеді.

Жобада бірнеше ауылдық магнитті мектептерді бір тірек мектепке бекіту, ортақ қаржыландыру мен басқару тетігін құру, тірек мектеп педагогтерінің құзіреттіліктерін артыру, виртуалды сабақтарды ұйымдастырып, жүргізу арқылы мектеп педагогтерінің пәндік және цифрлық сауаттылығын арттыру – жобаның өзектілігі ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, Жоба шеңберінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің (жабдықталған оқу кабинеттерінде оқыту, зертханалық жұмыстарды жүргізу, қажетті оқулықтарға және сапалы интернетке қол жеткізу, білікті педагогтердің оқытуы және т.б.) сапасы артады.

**Жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде:**

– магнитті мектептерді бөлімше түрінде толық жинақты мектептерге (тірек мектептерге (ресурстық орталықтарға) біріктіру арқылы бірыңғай қаржыландыру мен басқару мәселесін шешіп, магнитті мектептерді дамыту стратегиясын құруға;

- виртуалды оқытуды ұйымдастыру үшін тірек және магниттік мектептер ресурстармен жабдықтауға;

- заманауи оқу жабдықтарын пайдалана отырып, кешен педагогтері үшін виртуалды оқытуды ұйымдастыруға;

- жобаның құқықтық негізін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

**Жобаны іске асырудың екінші кезеңінде:**

- тірек мектептерге бекітілген барлық магниттік мектептер үшін виртуалды сабақтардың бірыңғай сабақ кестесін құруға;

- кешеннің оқу-тәрбие процесі ұйымдастыруға;

- 5-11-сыныптарда «Математика» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруда виртуалды сыныпта білім беру және оқыту шарттарын қадағалауға;

- білім алушылардың оқу жетістіктері мен жобаны іске асыру тиімділігіне мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

**Жобаның басым бағыттары:**

1. Тірек мектебі мен магнитті мектептерді бір мектепке (тірек мектебіне) біріктіру арқылы ортақ қаржыландыру мен басқару жүйесі құрылады. Бұнда мектептерді басқару мен қаржыландыру бағытында ашықтық пайда болады;

2. Тірек мектептердің педагогтері мен басшылығына онлайн форматта виртуалды оқыту жүйесі қолжетімді болады. Педагогтер өздігінен платформада жұмыс жасауға, виртуалды педагогпен бірлесе сабақ жоспарын құруға және виртуалды сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге бейімделеді;

3. Ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтері мен білім алушыларына оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеушілік тұрғысынан қолдау көрсетіледі;

4. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының жеке өсуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады;

5. Мектептерде кадрлар тапшылығы проблемасын шешу және бейіндік оқытуды іске асыру шеңберінде білім алушыларды ерте кәсіптік бағдарлауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі;

6. Магнитті мектеп жағдайында зияткерлік қабілеттерді дамыту және инклюзивті оқыту қамтамасыз етіледі.

**«Жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері»**

**Жобаның мақсаты** – ауылдық магнитті мектеп білім алушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

**Жобаның міндеттері:**

- тиісті ресурстық базаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту;
- ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде білім алушылардың бойында бейіналды және бейіндік білім беру жүйесі арқылы өмірлік ұстанымды таңдау үшін жауапкершілікті қалыптастыру, кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг мәселелері бойынша базалық жалпы оқу білімі мен құзыреттерін түсіну және қолдану;
- ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын виртуалды білім беру платформалары арқылы оқыту үшін цифрлық жабдықтармен, оқу материалдарымен және электрондық білім беру ресурстарымен жарақтандыру;
- тірек және магнитті мектеп педагогтерінің «Математика» және «Ағылшын тілі» оқу пәндері бойынша виртуалды педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру (5-11-сынып);
- виртуалды кеңістікте сабақтарды ұйымдастырудың және өткізудің, сондай-ақ «Lesson study» (сабақты зерттеу) және «Action research» (әрекеттегі зерттеу) тәсілдері арқылы зерттеу қызметінің практикалық дағдыларын дамыту.

**Жобадан күтілетін нәтижелер:**

- ресурстық базаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтық азаяды;
- ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде білім алушылардың бойында бейіналды және бейіндік білім беру жүйесі арқылы өмірлік ұстанымды таңдау үшін жауапкершілік қалыптасады, кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг мәселелері бойынша базалық жалпы оқу білімі мен құзыреттерін түсінеді және қолданады;
- ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасын виртуалды білім беру платформалары арқылы оқыту үшін цифрлық жабдықтармен, оқу материалдарымен және электрондық білім беру ресурстарымен жақсарады;
- виртуалды оқыту арқылы «Математика» және «Ағылшын тілі» пәндерін оқыту мен меңгерту жүйесі жаңғыртылады;
- «Lesson study» (сабақты зерттеу) және «Action research» (әрекеттегі зерттеу) тәсілдері арқылы виртуалды оқыту есебінен білім алушылардың сапалы білімге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

**«Жобаны іске асыру тетіктері»**

Бұнда Жобаның *н*ормативтік-құқықтық қамтамасыз етуде:

- Жоба ҚР Білім беру саласындағы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады;

- Облыстық білім басқармалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес облыстық білім беру «ШЖМ білім беру ресурстарын біріктіру» тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Тірек мектептер (ресурстық орталықтарды) ашу туралы» бұйрық шығарылады;

- Облыстың білім басқармасы пилоттық жобаның жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады. Сонымен қатар «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешенінің» қызмет бағдарламасы мен жұмыс жоспары тірек және магниттік мектептердің педагогикалық кеңесінің бірлескен отырысында бекітіледі.

Сонымен қатар, аудандық білім бөлімдері осы бұйрықтың негізінде тірек мектептерге біріктіру туралы бұйрық шығарады және бекітеді.

Облыстық білім басқармасы пилоттық жобаның жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады; жобаның қызмет бағдарламасы мен жұмыс жоспары тірек және магниттік мектептердің педагогикалық және қамқоршылық кеңестерінің бірлескен отырысында бекітіледі.

Жоба шеңберінде өзінің бейініне сәйкес келетін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша жоғары оқу орындарымен, колледждермен, облыстық әдістемелік кабинеттер/орталықтармен, облыстық біліктілікті арттыру орталықтарымен өзара іс-қимыл көзделген.

Оқытуды ұйымдастыру мен өткізу кезінде облыстық білім басқармасы магниттік мектеп білім алушыларын тасымалдауға, тамақтандыруға, тұруға, қосымша білім алуға және тірек мектеп (ресурстық орталық) педагогтеріне қосымша ақы төлеуге қаражат бөледі және оларды білім басқармасының тиісті бұйрығымен ресімдейді.

Білім басқармасының әдіскері жобаның нормативтік-құқықтық және мазмұндық-қызметтік тараптарын үйлестіреді. Оқу процесін ұйымдастыру және басқару мәселелері бойынша кеңес береді. Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) директоры мен директордың орынбасарларына әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді.

Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) директоры заңнаманың орындалуын реттейді, жобаның сапасы, тиімділігі және өміршеңдігі тұрғысынан оны ілгерілетуге бастамашылық етеді. Білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолайлы жағдай жасайды, белгіленген ресурстарды қолданудың стратегиялары мен басымдықтарын жоспарлайды.

Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) директорының орынбасары мектепте оқу қызметін: әдістемелік сүйемелдеу, тәрбие жұмысы, қосымша білім беру, білім беру платформасының мазмұнын уақтылы толтыруға басшылық ету (сайт, Күнделік) және орталық және ҚОТ негізінде (жалпы сабақ кестесі, сессиялық/сессияаралық жұмыс, технологиялық карталарды әзірлеу және т.б.) ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Жобаға «тірек мектеп (ресурстық орталық)» ретінде:

- МТБ-мен жабдықталған;
- педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген;
- қосымша білім беру үшін жағдай жасалған;
- жылдамдығы кемінде 20 Мбит/сек кең жолақты интернеті бар;
- медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруы бар мектепті қарастыру көзделеді.

**Жобаны қаржылық қамтамасыз ету**

Жобаны қаржыландыру жергілікті атқарушы орган тарапынан және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» орталықтандырылған қаржыландыру мен ортақ басқару жүйесіне негізделеді.

Тірек мектебі мен магнитті мектептер қызметкерлерінің бірыңғай штаттық кестесі құрылады және педагогтік кеңесте бекіту ұсынылады.

Магнитті мектеп (бөлімше) басшысының еңбекақысын есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысының «Азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы» шеңберінде жүзеге асырылады.

Пилоттық жоба шеңберінде тірек мектептің директоры мен сессия уақытында сабақ өткізетін педагогтерге қосымша ақы төлеу № 1193 қаулысының: «Білім беру саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар» 4-қосымшаға сәйкес: «Жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын оқу орындарының (сыныптардың, топтардың) бейіндік бағыттағы пәндер бойынша жұмыс істейтін педагогтеріне; жаңашылдық, эксперименттік режимде жұмыс істейтін (лицейлердің, гимназиялардың, техникалық лицейлердің, мектепке дейінгі және жалпы білім беру бағытындағы оқу тәрбие кешендерінің), сондай-ақ балаларды тәрбиелеу шет тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерге БЛА-дан 20 % төлеу қарастыру ұсынылады.

Жобаны іске асыруда жергілікті атқарушы органдар:

– Магнитті мектептің кең жолақты Интернетке қосылуын (кемінде 8 Мбит/сек.);

– сессия кезеңінде магнитті мектеп білім алушылары үшін күнделікті тасымалдау мен тамақтандыру (2 рет) шығындарын;

– білім алушыларды күнделікті тасымалдауға арналған жанар-жағармай шығындарын;

– сессия кезеңінде магниттік мектеп білім алушыларының интернатта тұруын;

– сессия кезеңінде магнитті мектеп білім алушыларының интернатта тұру

кезеңіндегі 5 рет тамақтануын;

– сессия кезінде білім алушыларды апта сайын тасымалдауға арналған жанар-жағармай шығындарын;

- білім алушылар Жоба шеңберінде «Қамқор отбасында» тұрған кезде баланың тамақтануына жұмсалатын шығындардың өтемақысын (7 АЕК мөлшерінде) ескеру қажет.

**Жобаны мазмұнды-технологиялық қамтамасыз ету**

Жобаны еліміздің 17 өңірінде үш кезеңде енгізу жоспарланып отыр.

I кезең. 2022-2023 оқу жылында: Солтүстік Қазақстан облысы толықтай қамтылады. Бұл кезеңде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 351 магнитті мектеп Кешенге бірігеді.

II кезең. 2023-2024 оқу жылында: Абай, Атырау, Ақмола, Қостанай, ШҚО, Павлодар, Қарағанды, Алматы облыстары Жобаға кіреді. Бұл кезеңде 1473 мектеп магнитті мектеп ретінде Кешенге біріктіріледі;

III кезең. 2024-2025 оқу жылында: Түркістан, БҚО, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Жетісу, Ақтөбе, Ұлытау облыстары кіреді. Осы оқу жылында 892 мектеп Кешенге біріктіріледі.

Магниттік мектептерді тірек мектепке (ресурстық орталыққа) бекіту кезінде мектеп саны 2-ден 6-ға дейін мектепті біріктіруге жол беріледі. Тірек мектебі (ресурстық орталық) мен магнит мектеп арасындағы қашықтық 3 км.-дан 60 км.-ға дейін рұқсат етіледі, ал қажет болған жағдайда 60 км.-дан алыс қашықта орналасқан мектептер де тірек мектебіне бекітілуі мүмкін. Жоба негізінде оқу кезеңінде тірек мектеп (*ресурстық орталық*) толық күн режимінде жұмыс жүргізеді.

Жоба шеңберінде оқу кезеңінде Кешен толық күн режимінде жұмыс істейді.

Кешенге бекітілетін «шағын жинақты мектеп директорының» лауазымы «магнит мектеп (бөлімшесінің) басшысы» болып өзгертіледі.

Магнитті мектептерде жасақталатын виртуалды сыныптардағы білім алушылар саны 15 оқушыдан аспауы керек.

Виртуалды сыныптарды ұйымдастыруда 5-6 магнитті мектептердің білім алушыларын бір виртуалды сыныпқа біріктіріп «Математика» (5-11-сын.) және «Ағылшын тілі» пәндерін оқыту көзделеді.

Виртуалды оқыту кезінде «виртуалды педагог» (пән мұғалімі) және «виртуалды педагогтің ассистенті» (магнитті мектептің пән мұғалімі немесе жауапты маман) бірлесе жұмыс жүргізеді. Сабақтың 30 минутын виртуалды педагог өткізеді, ал сабақтың 15 минутында виртуалды педагогтің ассистенті өткен материалды пысықтап, білім алушылармен жаңа сабақты меңгеру барысында бірлесе жұмыс жүргізеді.

Виртуалды педагог оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бағытында, ал виртуалды педагогтің ассистенті сыныптың виртуалды сабаққа қосылуын, тапсырмалардың орындалуын, кері байланыс орнатуды, жаңа материалды бекітуді, оқу платформасында үй тапсырмаларының жүктелуін және т.б. орындалуын қадағалайды.

Виртуалды педагог пен виртуалды педагог ассистентімен бірлесіп жаңа сабақтың өтуін жоспарлайды.

Виртуалды сабақ өткізу үшін тірек мектебінде арнайы жабдықталған кабинет қарастыру ұсынылады.

Виртуалды сабақтар тікелей таспаға жазылып, платформаға жүктеледі. Білім алушыларға өткізілген виртуалды сабақтарды платформадан қайта қарауға мүмкіндік беріледі. Оқу жылының соңында үздік виртуалды сабақтардың жиыны іріктеліп, аудандық, облыстық деңгейде қорытындысы шығарылып, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына ұсынылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мамандары, Облыстық/аудандық білім бөлімдерінің әдіскерлері мен жауапты мамандары виртуалды платформаға кіріп өткізіліп жатқан сабақтарға зерделеу, талдау жұмыстарын жүргізіп, ұсыныстар бере алады.

Виртуалды оқыту кезеңдері:

- білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау үшін виртуалды платформада оқушылар «baseline» тестін тапсырады;
- білім алушылар (15 оқушыдан) виртуалды сыныптарға бөлінеді;
- тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерімі мен пилоттық жобаның табыстылығын анықтау үшін пәнді меңгеру негізінде тестілеу жүргізіледі;
- БЖБ, ТЖБ жұмыстарын өткізуді виртуалды педагог пен виртуалды педагог ассистенті бірлесе жоспарлайды, орындалған жұмыстарды келісе бағалайды.

Жоба шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру түрлері:

- Жобаның оқу-әдістемелік мазмұны инвариантты (типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарындағы барлық білім алушылардың оқуы үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті) және вариативті (үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті) компонент бойынша оқытуды көздейтін модульдік оқытуға негізделген білім беру ұйымы білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес айқындайды).

Вариативті компонент «Жаһандық құзыреттер» мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрықтың талаптарына сәйкес құрылады.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешенінде» күнтізбелік-тақырыптық және қысқа мерзімді жоспар, бөлім мен тоқсан үшін жиынтық бағалау, ЦБР, ҚБТ және пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу қызметін ұйымдастыруға сәйкес технологиялық карталар әзірленеді.

Жобаның қойылған мақсаттарын іске асыру үшін бірыңғай оқу жоспары құрылады. Оқу жоспарының құрылымы:

1) модульдегі оқу қызметінің мақсаты мен күтілетін нәтижелері;
2) модуль мазмұны;

3) оқыту әдістері мен құралдары;

4) оқуды бағалау.

10-11-сыныптардың білім алушылары үшін пәндер бойынша мазмұн 4 модульге бөлінген, олардың әрқайсысы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінен шықпайтын сағаттар санын қамтиды:

– 1-модуль – инвариант;

– 2-модуль – инвариант;

– 3-модуль – қолданбалы курстар;

– 4-модуль – таңдау бойынша курстар.

Әрбір модуль дербес (теориялық (Т) және бірлескен (практикалық (П) қызмет сағаттарын қамтиды.

Сабақтарды/сессияларды өткізу нысаны:

– бірлескен әңгімелер, дәрістер, виртуалды экскурсиялар, киносабақтар;

– зертханалық және практикалық жұмыстар, оқу материалын жобалау;

– сабақтарды ұйымдастырудың белсенді және интерактивті формалары.

Оқу сабақтарын жобалау кезінде білім алушылардың өзіндік белсенді оқу қызметіне; оқу материалы мазмұнының блоктық-модульдік құрылымына; білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға басымдық беріледі.

Сессия кезінде білім алушыларды оқыту келесі режимде жүргізіледі:

– күннің бірінші бөлігі (сағ. 8.00-14.00) – бейіналды (8, 9-сынып) және бейінді (10, 11-сынып) оқыту материалдары бойынша оқу сабақтары, онда білім алушылардың оқу қиындықтарының бағыттары айқындалады, технологиялық карталар жасалады, олардың негізінде сессияаралық кезеңде жеке оқу маршруттары әзірленеді; білімдегі олқылықтарды жою бағытында жеке бағыттар бойынша білім алушылармен жұмыстар жүргізіледі;

– күннің екінші бөлігі (сағ. 14.00-16.00) әлеуметтік құзыреттілікті, әртүрлі өмірлік проблемаларды шешу қабілетін дамытатын жобалық қызметке арналады;

– күннің үшінші бөлігі (сағ. 16.00-17.30) әртүрлі пәндер бойынша білім алушылардың өз жобаларының тұсаукесерін дайындауға, ұжымдық әлеуметтік жобаларды әзірлеуге қатысуға бағытталған;

– күннің төртінші бөлігінде (сағ. 17.30 – 19.30) – білім алушылар спектакльдер, концерттік бағдарламалар, көрмелер дайындап, спорттық жарыстарға қатысатын өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ спорттық, патриоттық, көркем-эстетикалық, өлкетану және зияткерлік сипаттағы дамыту сабақтары ерекше орын алады. Олар: пікірсайыстар, пікірталастар, ойындар, конкурстар, психологиялық тренингтер және т.б.

Сессиялық оқыту түрі магниттік мектептердің 7, 8, 9, 10, 11-сынып білім алушыларын кәсіби өзін-өзі анықтау және одан әрі оқу жолын таңдау кезеңінде қолдауға мүмкіндік береді.

Сессияаралық кезеңде оқыту қашықтан оқыту форматында жүзеге асырылады.

Оқыту процессінде қашықтан оқыту технологияларын кеңінен пайдалану қажет. Сессияаралық кезеңде тірек мектептің (ресурстық орталықтың) ақпараттық жүйесінің маңызы зор. Бейіндік пәндер, қолданбалы курстар және таңдау курстары бойынша оқу-танымдық процесс педагог-кураторлың басшылығымен жүзеге асырылады.

Тірек мектептердегі (ресурстық орталықтардағы) тәжірибелі педагогтер «Физика», «Химия» және «Биология» оқу пәндерін меңгертуде виртуалды зертханалардағы цифрлық білім беру ресурстарының есебінен магнитті мектептерде пәндерді оқу үшін қажетті оқу жабдықтарының тапшылығы мәселесін шеше алады. Осылайша, магниттік мектептердің тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) оқу-әдістемелік ақпараттық орталығынан қажетті ақпаратты алуға қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Сессияаралық кезеңде барлық магниттік мектептер үшін бірыңғай оқу кестесі құрылады. Оқу материалын бір уақытта өту сабақтарды онлайн режимінде өткізуге мүмкіндік береді. Сессия кезінде жеке және топтық сабақтар өткізу қарастырылады. Жергілікті желі бойынша қатаң белгіленген уақытта тірек мектептің (ресурстық орталықтың) педагогі және пән мұғалімдері кеңес берушілік жұмысты ұйымдастырады. Магнитті мектеп білім алушысының жеке даму траекториясын ескере отырып, қажетті қосымша ақпаратты алуға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Магниттік мектептің білім алушыларын тірек мектебінде (ресурстық орталықта) оқыту кезінде жас ерекшеліктерін есепке алу қағидатын іске асыра отырып, әртүрлі жастағы аралас оқытуға жол беріледі.

Бейіналды даярлық: білім алушыларды олардың өңірінде бар кәсібилендіру мүмкіндіктері туралы, яғни кәсіптік білім беру ұйымдары (колледждер, жоғары оқу орындары), оларды даярлау жүргізілетін мамандықтар туралы хабардар етеді. Осы мақсатта оқу орындарының оқытушылары немесе кәсіптік бағдар беру жұмысына жауапты адамдар шақырылады, оқу орындарына экскурсиялар ұйымдастырылады.

Білім алушылардың қажеттіліктеріне психологиялық диагностика жүргізу, білім алушылардың қалаулары мен мүдделерін анықтау, жеке тұлға типіне диагностикада:

– магнитті мектеп білім алушыларын одан әрі кәсібилендіру үшін маңызды қабілеттердің болуы/болмауының индикаторы болуы мүмкін түрлі оқу пәндерін меңгеру кезінде білім алушылардың табыстылығын мониторингілеу;

– білім алушылардың қалауы бойынша жеке кеңестер беру және т.б.

Білім алушыларға өздерінің жеке сұраныстарын толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін таңдау бойынша қолданбалы курстар мен курстардың кең спектрі ұсынылады.

Магниттік мектептердің білім алушылары үшін тірек мектептердегі (ресурстық орталықтағы) ұйым әртүрлі пәндік конкурстар мен әлеуметтік практикаларды, тағылымдамаларды, жобалау қызметі, тренингтер, іскерлік және ұйымдастыру-әрекет ойындары үшін эксперименттік-зерттеу алаңдарын, сондай-ақ әртүрлі дереккөздермен өздігінен жұмыс жүргізу үшін консультациялар ұсынады.

Магниттік мектеп оқушыларының қолданбалы курстар мен таңдау курстары негізінде, сондай-ақ шығармашылық зертханаларда өздігінен жұмыс жасау арқылы жобалау-зерттеу қызметін кезең-кезеңмен ұйымдастыру ұсынылады.

Әр оқушының жеке даму траекториясын жобалау арқылы курстарды өздігінен таңдау негізінде және оның қызығушылықтарына сәйкес саралау мен дараландыруды қамтамасыз ететін тұлғаға бағытталған технологияларды пайдалана отырып, бейіндік оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру ұсынылады.

Жоба шеңберінде келесідей әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- деңгейлік меңгеру технологиясы: білім беру, алгоритмдік, эвристикалық, өзіндік және бақылау жұмыстары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ДБІ (дидактикалық бірліктерді ірілендіру);
- бірлесіп оқыту;
- оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту (RWCT).

Білім алушыға оқу, ойлау, талдау, салыстыру және өз таңдауын жасау құқығы беріледі. Нәтижесінде – білім алушылардың белсенділігін, оқуға деген қызығушылығын арттыру, өз білімі мен іскерлігін іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Педагог өзінің жеке педагогикалық стилі мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін технологияларды таңдауға құқылы.

Тірек мектепте (ресурстық орталықта) білім алушылардың сабақтан тыс қызметі әртүрлі зертханалардың, пәндік үйірмелердің, секциялардың, қызығушылықтар бойынша клубтардың, ғылыми қоғамдардың және басқа да бірлестіктердің жұмысы арқылы ұйымдастырылады.

Қосымша, бейінді компоненттің спорттық, көркемдік сабақтары күннің екінші жартысында өткізіледі.

**Жобаны бағалау тәртібі**

Жобаның ұйымдастырылуы мен қорытындылары бойынша тірек мектеп (ресурстық орталық) әкімшілігі оқушылардың білім сапасының мониторингтік көрсеткіштерін қоса бере отырып, талдамалық есеп (бұдан әрі – Есеп) ұсынады.

Жобаның ұйымдастырылуы мен білім сапасының қорытындылары бойынша жыл сайынғы есеп аудандық, Облыстық білім басқармасында тыңдалады, Пилоттық жобаның қорытындысы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына жолданады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Жобаның енгізілуі мен тиімділігіне мониторинг жүргізеді.

Оқыту қорытындыларын зерделеу арқылы тірек мектеп (ресурстық орталық) әкімшілігі келесі оқу жылына арналған білім беру процесін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын пысықтайды, мектеп бойынша бұйрықпен бекітілетін педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын нақтылайды.

Облыстық білім басқармалары Республикалық, өңірлік тамыз педагогикалық кеңесінде жобаны іске асыру қорытындыларын талқылайды және жаңа оқу жылына нақты тапсырмалар береді.

Облыстық білім басқармаларына сәуір айында «Үздік «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешені» конкурстарын

ұйымдастыру ұсынылады.

### 2.2 Жоба аясында педагогтердің біліктілігін арттыру мәселесі

### 2.2.1 «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешені» пилоттық жобасы шеңберінде мектеп педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстар

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасының басты мақсаттарының бірі – тірек мектептері педагогтерінің біліктілігін артыру мәселесі. Аталған жобаны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы және «Қазақстан халқына» қоғамдық қайырымдылық қорының қолдауымен жүзеге асыру көзделіп отыр. Сондықтан да тірек мектептерінің «Математика» (5-11-сынып) және «Ағылшын тілі» (5-11-сынып) педагогтерінің біліктілігін республикалық деңгейде арттыруды «Daryn.Online» білім беру платформасы арқылы жүзеге асырылмақшы.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешені» пилоттық жобасы шеңберінде мектеп педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) құрылды. Осы жобаға қатысатын педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған оқыту регламенттеледі.

Бағдарлама білім беруді цифрландыру және қашықтан (виртуалды) оқыту жағдайында тірек мектебі мен магнитті мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталып құрылады.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешені» пилоттық жобасы шеңберінде мектеп педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасында 6 модуль қарастырылған. Модуль тақырыптары 9-кестеде берілген.

**13-кесте. Бағдарламаның тақырыбы**

| | |
|---|---|
| **1-модуль.** Виртуалды оқыту – қашықтан оқытудың жаңа технологиясы | Виртуалды оқытудың халықаралық және отандық тәжірибесі |
| | Виртуалды оқыту саласындағы мемлекеттік саясат |
| | Виртуалды оқыту арқылы білім беру процесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер |
| | Ауылдық мектептерде виртуалды оқытуды іске асыру |
| **2-модуль.** Білім беруді цифрландыру жағдайында виртуалды оқыту | Білім алушылардың функционалдық, математикалық, оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған бағдарламалық өнімдер |
| | Виртуалды зертханалар және олардың білім беру процесіндегі рөлі |
| | Педагогтің кәсіби қызметіндегі цифрлық сауаттылық. Педагогтің электрондық портфолиосы. Желілік кәсіби қауымдастықтар |
| | Виртуалды оқытуды ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдер |
| | Виртуалды оқыту кезінде пәндік мазмұнды игеру тәсілдері |
| | Мектептегі ақпараттық мәдениет және желілік өзара іс-қимыл |
| | Виртуалды оқыту кезінде сабақты жоспарлау |
| | Эмоционалды интеллект (EQ) және оны виртуалды оқыту арқылы дамыту жолдары |

| | |
|---|---|
| | Виртуалды оқыту кезіндегі жобалау-зерттеу қызметі |
| **3-модуль.** Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | Виртуалды оқыту кезінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау негіздері |
| | Виртуалды сабақты құрудың психологиялық-педагогикалық принциптері |
| | Білім алушыларды виртуалды сабаққа тарту (киберқауіпсіздік, виртуалды оқыту кезінде денсаулық сақтау технологиялары) |
| **4-модуль.** Виртуалды оқыту кезіндегі пәндік мазмұн | Виртуалды оқыту кезіндегі оқу бағдарламаларындағы пәннің оқу бөлімдері, кіші бөлімдері және мақсаттары |
| | Сабақты бірлесіп жоспарлау |
| | Виртуалды оқыту кезіндегі бағалау жүйесі |
| | Виртуалды оқыту арқылы ерте бейіналды және бейіндік дайындық |
| **5-модуль.** Педагогтің ғылыми-әдістемелік жұмысы | Педагогтің ғылыми-әдістемелік жұмысты ресімдеуі (эссе, мақалалар, рефераттар, баяндамалар, диссертациялар, рецензиялар, хаттамалар, академиялық адалдық, антиплагиат, авторлардан дәйексөздеріне сілтеме келтіру) |
| | «Педагог-шебер» санатына өту үшін авторлық жұмыстарды ресімдеу және оларды РОӘК-ке ұсыну жолдары |
| **6-модуль.** Жоба идеяларын іске асыру | Сабақ жоспарларын өзара бағалау |
| | Оқыту қорытындысы бойынша Рефлексия. Ұсыныстар және кері байланыс |
| | Оқытуды қорытындылау |

Жоба аясында біліктілік арттыру бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері көрсетіледі.

***Біліктілік арттыру бағдарламасының мақсаты:*** «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасында виртуалды білім беруді жүзеге асыру және мектептің білім беру мен оқу-тәрбие процесін цифрландыру жүйесіне көшіру мақсатында педагогтердің біліктілігін арттыру.

***Бағдарламаның міндеттері:***

- виртуалды оқыту – қашықтан оқытудың жаңа технологиясын меңгерту;
- білім беруді цифрландыру жағдайында виртуалды оқытуды үйрету;
- білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- виртуалды оқыту кезіндегі пәндік мазмұнды меңгерту;
- педагогтерге ғылыми-әдістемелік жұмыс жазуға, ресімдеуге үйрету және т.б.;

***Бағдарламадан күтілетін нәтижелер:***

- виртуалды оқыту – қашықтан оқытудың жаңа технологиясы ретінде меңгеріледі;
- білім беруді цифрландыру жағдайында виртуалды оқытуды үйренеді;
- білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жасалады;
- виртуалды оқыту кезіндегі пәндік мазмұн меңгеріледі;
- педагогтер ғылыми-әдістемелік жұмыс жазуға, ресімдеуге және т.б. үйренеді;

**Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магниттік мектептер» кешені» пилоттық жобасы шеңберінде пилоттық жобаға қатысатын педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы каскад желісінде ұйымдастырылады және өткізіледі.

Каскад желісі бойынша Академия «Daryn onlain» бірге «Математика» (5-11-сын.) және «Ағылшын тілі» пәндерін 6 модуль бойынша қашықтан оқытуды жүзеге асырады. Әрі қарай курстан өткен педагогтердің арасынан пәндік құзыреттілікті меңгерту бойынша тренерлер жасақталады. Сол тренерлер алдағы уақытта жобаға кіретін тірек мектебінің педагогтерін оқыту бойынша жұмыстарды жалғастырады.

Жобаның соңында облыс бойынша пәндік құзыреттілікті меңгертетін педагогтердің пулы қалыптасады. Жасақталған педагогтер пулы тренерлер ретінде келесі оқу жылында жобаға кіретін 8 облыстың педагогтерін оқытуды жоспарлап, жүзеге асырады. Тірек мектебі мен магнитті мектептер педагогтерін оқыту, біліктіліктерін арттыру жұмыстары әрі қарай үш жылға созылады.

Білім беру бағдарламасында педагогикалық тәжірибені пайдалана отырып, интерактивті жаттығулар, имитациялық моделдеу, симуляция арқылы цифрлық құзыреттілікті, жаңа шығармашылық мүмкіндіктерді құруға және дамытуға, білім беру саласындағы дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Оқу материалы, эмоционалды фонды басқару, виртуалды оқыту кезінде одан әрі практикалық жұмыс жасау үшін жаңа білім мен дағдыларды игеру жұмыстары жүргізіледі.

Жобада педагогтерге ЖМББС-ға сай оқытуда виртуалды сабақтар өткізуді, сабақты жоспарлауды және т.б. меңгертіледі. Оқыту курсы 80 сағатты (45 минуттан) 6 модульді қамтиды.

Жобаға кіретін педагогтердің біліктілікті арттыру курсында оқытудың классикалық және инновациялық әдістерін қолдану; оқу ресурстарын оңтайлы пайдалану, үздік педагогикалық тәжірибені жинақтау; білім алушыларды оқыту мен білім беруде бірыңғай тәсілдерді қолдану; пилоттық жобаны іске асыру кезінде педагогтар мен білім алушыларды қолдаудың әртүрлі нысандарымен толық қамту және т.б. мәселелері қарастырылады.

Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) Виртуалды оқыту – қашықтан оқытудың жаңа технологиясы
2) Білім беруді цифрландыру жағдайында виртуалды оқыту
3) Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
4) Виртуалды оқыту кезіндегі пәндік мазмұн
5) Педагогтің ғылыми-әдістемелік жұмысы
6) Жоба идеяларын іске асыру

**Бағдарламадағы оқыту модульдері**

1. 1-модуль. «Виртуалды оқыту – қашықтан оқытудың жаңа технологиясы» деп аталады. Бұл модульде: виртуалды оқытудың халықаралық және отандық тәжірибесі; виртуалды оқыту саласындағы мемлекеттік саясат; виртуалды оқыту арқылы білім беру процесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер; ауылдық мектептерде виртуалды оқытуды іске асыру мәселелері қарастырылады.

2. 2-модуль. «Білім беруді цифрландыру жағдайында виртуалды оқыту» деп аталады. Бұл модульде: білім алушылардың функционалдық, математикалық, оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған бағдарламалық өнімдер; виртуалды зертханалар және олардың білім беру процесіндегі рөлі; педагогтің кәсіби қызметіндегі цифрлық сауаттылық; педагогтің электрондық портфолиосы; желілік кәсіби қауымдастықтар; виртуалды оқытуды ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдер; виртуалды оқыту кезінде пәндік мазмұнды игеру тәсілдері; мектептегі ақпараттық мәдениет және желілік өзара іс-қимыл; виртуалды оқыту кезінде сабақты жоспарлау; эмоционалды интеллект (EQ) және оны виртуалды оқыту арқылы дамыту жолдары; виртуалды оқыту кезіндегі жобалау-зерттеу қызметі мәселелері меңгеріледі.

3. 3-модуль. «Білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» деп аталады. Бұл модульде: виртуалды оқыту кезінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау негіздері; виртуалды сабақты құрудың психологиялық-педагогикалық принциптері; білім алушыларды виртуалды сабаққа тарту (киберқауіпсіздік, виртуалды оқыту кезінде денсаулық сақтау технологиялары) және т.б. мәселелер оқытылады.

4. 4-модуль. «Виртуалды оқыту кезіндегі пәндік мазмұн» деп аталады. Бұл модульде: виртуалды оқыту кезіндегі оқу бағдарламаларындағы пәннің оқу бөлімдері, кіші бөлімдері және мақсаттары; сабақты бірлесіп жоспарлау; виртуалды оқыту кезіндегі бағалау жүйесі; виртуалды оқыту арқылы ерте бейіналды және бейіндік дайындық қарастырылады.

5. 5-модуль. «Педагогтің ғылыми-әдістемелік жұмысы» деп аталады. Бұл модульде: педагогтің ғылыми-әдістемелік жұмысты ресімдеуі (эссе, мақалалар, рефераттар, баяндамалар, диссертациялар, рецензиялар, хаттамалар, академиялық адалдық, антиплагиат, авторлардан дәйексөздеріне сілтеме келтіру); «Педагог-шебер» санатына өту үшін авторлық жұмыстарды ресімдеу және оларды РОӘК-ке ұсыну жолдары оқытылады.

6. 6-модуль. «Жоба идеяларын іске асыру» деп аталады. Бұл модульде: сабақ жоспарларын өзара бағалау; оқыту қорытындысы бойынша рефлексия жасалады. Ұсыныстар және кері байланыс орнатылады және оқытуды қорытындылау жасалады.

Педагогтердің біліктілігін арттыру 2022 жылдың каникул кезеңдерінде «Daryn onlain» білім беру платформасы арқылы оқыту жоспарланған.

**Жоба аясында педагогтердің оқыту процесін ұйымдастыру** келесі кестеде берілген үлгіде жүзеге асырылады.

**5-сурет. Каскад желісі бойынша біліктілікті арттыру курсын ұйымдастыру жүйесі**




Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде жүргізіледі:

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ең алдымен 28 тірек мектебінің виртуалды педагогтерін 80 сағаттық курс негізінде оқытуды ұйымдастырады.

Екінші кезеңде ШЖМ-ға жауапты әдіскерлер мен мектеп басшыларына арналған 40 сағаттық біліктілік арттыру курсын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Оның педагогтер үшін ұйымдастырған курста:

- оқыту түрі – қашықтан (онлайн),
- Курстың ұзақтығы – 80 академиялық сағат, ол күніне бір вебинар (2 академиялық сағат), практикалық семинар (2 академиялық сағат), тыңдаушының өзіндік жұмысы (2 академиялық сағат), онлайн форумға келіп түскен сұрақтарға жауаптар (1 академиялық сағат), әр пән бойынша педагогтердің білімін бағалау үшін тестілеу өткізуді көздейді және тыңдаушылардың сұрақтары бойынша онлайн-кеңес беру (1 академиялық сағат).

Білім беру процесі әзірлеушінің интерактивті дәрісімен презентацияны қамтиды; тыңдаушының өзіндік жұмысы виртуалды оқыту бойынша білім беру платформасында практикалық жұмыспен бекітіледі: сабақты жоспарлау, сабақ тақырыбына оқу материалын іріктеу, білім алушыларды оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау, бағалау түрлері және сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша ассистентпен өзара байланыс.

Алынған білімді бағалау үшін әр модульді аяқтағаннан кейін қорытынды тестілеу өткізіледі (7-10 сұрақ).

**Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесіні қамтиды:

- курс бағдарламасы;
- дәрістік материалдары бар презентациялар;
- оқу жоспарының модулін түсіну үшін қорытынды тестілеу.

**Оқыту нәтижелерін бағалау**

Оқыту қорытындысы бойынша педагогтердің білімі мен іскерлігін бағалау үшін тыңдаушы қашықтықтан оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып,

виртуалды сабақтың қысқа мерзімді жоспарын ұсынады.

**Курстан кейінгі сүйемелдеу**

Педагогтерді курстан кейінгі әдістемелік қолдау Форум негізінде виртуалды қарым-қатынас арқылы, сондай-ақ педагогтердің кәсіби қиындықтары мәселелері бойынша экспресс-сессия, онлайн-консультация, вебинар/семинар түрінде жүзеге асырылады.

### 2.2.2 Аудандық/облыстық әдістемелік кабинеттер/орталықтар әдіскерлерінің және мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстар

Мектеп педагогтерімен бірге «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы шеңберінде аудандық/облыстық әдістемелік кабинеттер/орталықтар әдіскерлерінің және мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы ұсынылады.

Білім беру бағдарламасы қашықтан оқыту форматы жағдайында әдіскерлер мен мектеп басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Біліктілік арттыру бағдарламасының тақырыптары 10-кестеде берілген.

**14-кесте. Бағдарламаның тақырыбы**

| | |
|---|---|
| **1-модуль.**<br>Виртуалды оқыту - қашықтан оқытудың жаңа технологиясы | Қашықтан оқыту (виртуалды) форматындағы халықаралық және отандық тәжірибе |
| | Қашықтан оқыту саласындағы мемлекеттік саясат |
| | Қашықтан оқыту арқылы білім беру процесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер |
| | Ауылдық мектептерде қашықтан (виртуалды) оқытуды іске асыру |
| **2-модуль.**<br>Мектепті басқарудағы цифрлық технологиялар | Мектепті басқарудағы цифрлық технологиялар: мектептің мәселелері мен болашағы, SWOT-талдау және Smart-мақсаттар |
| | Мектеп құжаттамасын жүргізуге арналған бұлтты технологиялар |
| | Электрондық портфолио |
| | Білім беру сапасын арттыруға бағытталған жаңа бағдарламалық өнімдер |
| | Дарын онлайн платформасында педагогтердің желілік қарым-қатынасына арналған Форум (бұдан әрі-Форум) |
| | Дарын онлайн платформасындағы бағалау алаңы (бұдан әрі - Алаң) |
| **3-модуль.**<br>Оқытуды цифрландыру кезіндегі мектептегі білім беру үдерісінің менеджменті | Қашықтан оқыту жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және басқару: виртуалды оқыту, сессиялық және сессияаралық кезеңдер |
| | Қашықтан оқыту кезіндегі мектепішілік бақылау |
| | Қашықтан (виртуалды) оқыту кезінде кері байланыс бере отырып, сабақты бақылау |
| | Қашықтан (виртуалды) оқытуда сабақты бірлесіп жоспарлау |
| | Қашықтан (виртуалды) оқыту кезінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын бағалау |

| | |
|---|---|
| | Кәсіби этика және педагогтердің этикалық мінез-құлық нормалары (педагог мәртебесі туралы Заң, этикалық нормалар туралы Заң) |
| **4-модуль.** Мектепте ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру | Сараптамалық кеңестердің (мектеп/аудандық/облыстық) оқушылардың ғылыми жобаларын және ғылыми-әдістемелік бағыттағы педагогтердің еңбектерін (авторлық жұмыстар, ғылыми-әдістемелік мақалалар, оқу құралдары, нұсқаулықтар, жинақтар және т. б.) сүйемелдеу жөніндегі қызметі |
| | Академиялық адалдық, плагиатқа қарсы, авторлардың дәйексөздері, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас мәдениеті |
| | Мектеп мәдениеті – әлеуметтену факторы (мінез-құлық мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас мәдениеті және т. б.) |
| **5-модуль.** Қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру | Мектеп климаты (педагогтердің кәсіби күйіп кетуіне жол бермеу, буллингтің алдын алу, стресстік жағдайлардың алдын алу, жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау) |
| | Педагогтерді ынталандыру (педагогикалық конкурстарға, конференцияларға, форумдарға және т. б. қатысу) |
| | Дифференциацияны ескере отырып, білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау |
| | Қашықтан оқыту форматында білім беру ортасын трансформациялау |
| | Мектеп кітапханасы – мұғалімдер мен оқушыларға арналған қосымша білім беру алаңы. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының ақпараттық құзыреттіліктерін дамытудағы мектеп кітапханасының ресурстары |

**Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері:**

***Бағдарламаның мақсаты:*** қашықтан оқыту кезінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және басқару бойынша әдіскерлер мен мектеп басшыларының кәсіби дағдыларын жетілдіру.

***Бағдарламаның міндеттері:***

- шағын жинақты мектеп оқушыларын қолдау үшін қашықтан оқыту саласындағы мемлекет саясатының басым бағыттарымен таныстыру;
- қашықтан оқыту және ауыл мектебінде ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру кезінде білім беру процесінің менеджментіне оқыту;
- қашықтан оқыту кезінде білім алушылар мен педагогтар үшін қауіпсіз білім беру ортасын құруды үйрету.

***Оқыту бағдарламасынан күтілетін нәтижелер:***

- шағын жинақты мектеп оқушыларын қолдау үшін қашықтан оқыту саласындағы мемлекет саясатының басым бағыттары талданады;
- қашықтан оқыту және ауыл мектебінде ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру кезінде білім беру процесінің менеджменті оқытылады;
- қашықтан оқыту кезінде білім алушылар мен педагогтер үшін қауіпсіз білім беру ортасын құру дағдылары меңгеріледі.

**Оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұны**

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1. 1-модуль. «Виртуалды оқыту – қашықтан оқытудың жаңа технологиясы». Модуль бойынша оқыту барысында тыңдаушылар қашықтан оқытудың үздік халықаралық және отандық тәжірибесімен, қашықтан оқыту саласындағы мемлекеттік саясатпен, қашықтан оқыту арқылы білім беру процесін регламенттейтін негізгі нормативтік-құқықтық актілермен танысады. Мектеп басшылары мен әдістемелік кабинеттердің мамандары ауылдық мектептерде виртуалды оқытуды іске асыру тетігін зерделейді.
2. 2-модуль. «Мектепті басқарудағы сандық технологиялар». Осы модуль бойынша оқыту барысында тыңдаушылар мектепті басқаруда цифрлық технологияларға: проблемаларды анықтау және перспективаларды анықтау, SWOT-талдауды қалыптастыру және Smart-мақсаттарды тұжырымдау, педагогтер мен білім алушылардың электрондық портфолиосын дайындауды үйренеді. Педагогтер білім беру сапасын арттыруға бағытталған жаңа бағдарламалық өнімдерді зерделейді. Сонымен қатар, оқыту барысында «Daryn.Online» платформасын әзірлеушілер педагогтердің желілік қарым-қатынасына арналған Форум мен «Daryn.Online» платформасындағы бағалау алаңын ұсынады.
3. 3-модуль. «Оқытуды цифрландыру кезіндегі мектептегі білім беру процесінің менеджменті». Модуль виртуалды оқытуды ұйымдастырудың негізгі: сабақтарды бірлесіп жоспарлау, сессиялық және сессияаралық кезеңдерді өткізу, көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын бағалау, виртуалды сабақты бақылау және кәсіби кері байланыс беру, сондай-ақ педагогтердің этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау секілді тақырыптарды ашады.
4. 4-модуль. «Мектепте ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру». Бұл модульде мектеп оқушыларының ғылыми жобалары мен ғылыми-әдістемелік бағыттағы педагогтердің еңбектеріне сүйемелдеу жасау бойынша мектеп, аудандық және облыстық деңгейдегі сараптамалық кеңестердің қызметі ашылады, сонымен қатар академиялық адалдық, әлеуметтік желілерде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ауылдық шағын жинақты мектептердегі білім алушыларды әлеуметтендіру факторы ретінде мектеп мәдениеті қағидаттарымен таныстырады.
5. 5-модуль. «Қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру». Осы модуль бойынша оқыту барысында педагогтердің кәсіби қажуын болдырмауға, буллинг пен стресстік жағдайлардың алдын алуға, іс-шаралар кешені арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды танымал етуге үйренеді. Тыңдаушылар қолданыстағы мектеп кеңістігін білім алушылар мен педагогтер үшін қосымша білім беру ортасы ретінде жабдықтауды және пайдалануды үйренеді.

Педагогтерді оқыту «Daryn.Online» білім беру платформасында жоспарланған.

**Оқу процесін ұйымдастыру.** Аудандық/облыстық әдістемелік кабинеттер/орталықтар әдіскерлерінің және мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасынан өткен тұлғалар арасынан тренерлер жасақталып каскад желісі бойынша облыстық деңгейде оқытуды

ұйымдастырады. Каскад желісі бойынша оқытуды ұйымдастыру келесі кестеде берілген.

**6-сурет. Жауапты әдіскерлер мен мектеп басшыларының каскад желісі бойынша оқытуды ұйымдастыруы**




Кестеден көріп отырғанымыздай, алғашқы оқытудан әдіскерлер мен мектеп басшылары арасынан әдіскер тренерлер жасақталады және оқытуды әрі қарай жалғастырады.

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде жүргізіледі:

- оқыту түрі – қашықтан (онлайн),
- курстың ұзақтығы – 40 академиялық сағат.

Білім беру процесі интерактивті дәріспен таныстыруды, сатып алынған дағдылар мен жаңа білімді бекітуге арналған практикалық семинарды, модуль тақырыбы бойынша тапсырмаларды орындау бойынша тыңдаушының өзіндік жұмысын, «Daryn.Online» платформасының форумында сұрақ-жауаптарды, сондай-ақ оқытылған материалды бекіту және тыңдаушылардың материалды меңгеру сапасын бағалау үшін тестілеуді қамтиды.

**Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесіні қамтиды:

- Білім беру бағдарламасы;
- Дәрістік материалдары бар презентациялар;
- Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар;
- Қорытынды тестілеу сұрақтары.

**Оқыту нәтижелерін бағалау**

Оқыту қорытындысы бойынша әдіскерлер мен басшылардың білімдері мен іскерліктерін бағалау үшін тыңдаушы жобаны өңірде ілгерілету мәселелерін талқылау бойынша аудандық бөлімнің, облыстық білім басқармасының жұмыс жоспарының, аудандық және облыстық деңгейдегі іс-шараларды (конференциялар, форумдар, кеңестер, диалог алаңдары, әдістемелік күндер, Ашық есік күндері) қоса отырып, виртуалды оқытуды енгізу кешенінің жобасын ұсынады.

**Курстан кейінгі сүйемелдеу**

Педагогтерді курстан кейінгі әдістемелік қолдау «Daryn.Online»

платформасындағы Форум негізінде виртуалды қарым-қатынас арқылы, сондай-ақ педагогтердің кәсіби қиындықтары мәселелері бойынша экспресс-сессия, онлайн-консультация, вебинар/семинар түрінде жүзеге асырылады.

Білім беру қызметкерлерінің жыл сайынғы тамыз конференцияларында жобаны ілгерілетуге елеулі үлес қосқан педагогтерді көтермелеумен және марапаттаумен қоса виртуалды оқытуды енгізу тәжірибесі де қарастырылып талқыланады.

«Тірек мектебі – магнитті мектеп» жобасының қызметінде тірек мектебі жетекші мектеп ретінде қарастырылады. Яғни тірек мектебі қамқоршылық кеңестің шешімімен және магнитті мектеп педагогтерінің ұжымымен бірлесе, кеңесе отырып орталық қаржыландыру мен басқаруды, оқу процесін қолжетімді, сапалы етуде виртуалды оқыту жүйесін ұйымдастыру мен өткізуде үйлестіруші мектеп ретінде қызмет атқарады.

## 3. «ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІ МЕКТЕП» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

### 3.1 «Тірек мектеп (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасының моделі оны іске асыру жолдары бойынша ұсыныстар

2022-2023 оқу жылында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы Солтүстік Қазақстан облысының толықтай қамтиды. Жобаны іске асыру алдымен 1-қосымшада берілген 28 тірек мектебімен оған бекітілетін 97 магнитті мектептерден басталады. Төменде көрсетілген суретте Солтүстік Қазақстан облысының картасы берілген.

7-сурет. Солтүстік Қазақстан облысындағы тірек мектептер мен магнитті мектептердің саны берілген карта




Оқу жылының 2-тоқсанында 125 мектепте пилоттық жобаның жұмыстары іске асырылады және ол оқу жылының 1-кезеңі болып есептеледі.

2-кезең оқу жылының 3-тоқсанында және 3-кезең оқу жылының 4-тоқсанында жүзеге асырылатын болады. Әрбір аудан бойынша келесі суретте көрсетілгендей шағын жинақты мектептер орналасқан ауылдар анықталып, зерттеу жүргізіледі. Тірек мектептер мен оған бекітілетін магнитті мектептер кешен ретінде жұмыстарын жүргізетін болады. Келесіде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының картасы берілген.

8-сурет. СҚО, Айыртау ауданының картасы




Айыртау ауданында екі мектеп тірек мектебі ретінде алынған. Оның біреуі қазақ тілінде екіншісі орыс тілінде білім беретін мектептер. Тірек мектебі мен магнитті мектептердің арақышықтығы 8 км.-дан 28 км.-ға дейін.

Жобада келесі суретте берілген ақпараттар талданып, ұсыныстар беріледі. 9-суретте «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасының моделі берілген.

**9-сурет. «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасының моделі**




Модельден көріп отырғанымыздай, тірек мектеп өзіне бекітілген 5-6 мектепті қамқорлығына алып олардағы проблемаларды шешу жолында жұмыстар атқарады. Тірек мектеп бөлімшелермен білім мазмұны, ресурстарға, басқаруға жауапты болады. Тірек мектеп пен бөлімшелер арасында Интернат (Қамқор отбасы), жеткізу, тамақтану, МТБ; Әдістемелік сүйемелдеу, менторлық, коллаборация, әлеуметтендіру, сапалы білім беру қызметтері жүргізіледі.

**«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасының миссиясы:** ауылдық және қалалық мектептерде білім берудің тең жоғары деңгейі және соның салдарынан ауыл жастарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

***Мақсаты:*** шағын жинақты мектептерді ортақ қаржыландыру мен ортақ басқару жүйесіне көшіріп білім алушыларға виртуалды оқытуды ұйымдастыру арқылы сапалы білімге қол жеткізудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

ҰББДҚ-ның (қыркүйек айындағы) мәліметтері бойынша Республика бойынша барлығы – 7671 мектеп бар екені анықталды. Ондағы қалалық жерде орналасқан мектептердің үлесі – 2447 (32%) болса, ауылдық мектептердің үлесі – 5224 (68%). Осы ауылдық жерде орналасқан мектептердің – 2716-сы (52%) шағын жинақты болып есептеледі.

Ал 2022-2023 жылдың 2-тоқсанында Пилоттық жобаға кіргізуге Солтүстік Қазақстан облысында барлығы 467 мектеп қарастырылып отыр. Ондағы қалалық жерде орналасқан мектептердің үлесі – 64 (13%), ауылдық жерде орналасқан мектептердің үлесі – 403 (87%) және осы мектептердің – 351 (87%) шағын жинақты мектептер болып есептеледі.

Жоба аясында тірек мектептерде магнитті мектептердегі «Математика» (5-6-сынып), «Алгебра» (7-9-сынып), «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сынып), «Геометрия» (7-11-сынып) және «Ағылшын тілі» (5-11-сынып) оқу пәндерін виртуалы оқыту жоспарланып отыр. Осыған орай, виртуалды оқыту жүйесін жүзеге асырмас бұрын терең зерттеулер жүргізіліп, ұсыныстар берілді. Зерттеу жұмыстарын Академия «Daryn.Online» компаниясымен бірлесе жүргізді. Виртуалды оқытуды зерттеп зерделеу мәселелері келесіде берілген.

### 3.2 Білім берудегі теңдікті қамтамасыз ету бойынша халықаралық тәжірибе және отандық білім беруде виртуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасын іске асыруда қашықтан оқуға байланысты халықаралық зерттеулерді саралауға тура келді.

***Финляндияның тәжірибесін*** қарастырғанда ол елде барлығы 13 ШЖМ бар екені және онда 670 бала бар білім алатындығы анықталды. Фин елінде 100 км.-ге дейінгі қашықта балаларды тасымалдауды ЖАО (Муниципалитет) есебінен төлеу қарастырылған. Оқыту әдістеріне тоқталсақ, ол елде пәндердің бір бөлігі бұлтты немесе виртуалды оқыту арқылы бір сыныпта 1 мұғалімнің жетекшілігімен бір уақытта оқытылу жүзеге асырылады.

***Францияның тәжірибесінде*** «Менің үйімдегі сыныбым» жүйесі қарастырылған. Ол 2 компоненттен тұрады: 1. Оқытудың сандық мазмұны, соның ішінде жаттығулар мен тесттер орындау және 2. Виртуалды сынып жобасы, онда мұғалім оқушыларға бейнеконференциялар арқылы сабақ өткізуді ұйымдастырады.

***Британдық тәжірибеде:*** 1. Кешенді оқытуды ұсынатын аккредиттелген онлайн мектептер, 2. Сабақтар қашықтан, бейнеконференция форматында, 45 минут жүргізіледі және 3. Мұғалім бір жастағы оқушыларды бір немесе онымен байланысты пәндерді оқуға біріктіреді.

***Канадалық тәжірибеде*** 1. Тақырыпты зерттеу бейне немесе «YouTube» арнасында сілтемелер арқылы жүзеге асырылады. 2. Сабақтың тақырыбы егжей-тегжейлі түсіндіріледі. 3. Сұрақтар туындаған жағдайда ортақ чат құрылады және виртуалды оқыту арқылы сұрақтар бірлесіп талқыланады.

***Виртуалды оқыту жүйесін халықаралық тәжірибеде зерделеген соң, оны отандық тәжірибеге келесідей лайықтау жолдары ұсынылады:***

1. Тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) функцияларын (білім беру процесін басқару үшін) қайта қарау;

2. Білім алушыларға қолдау көрсету үшін қашықтықты (60 км.-ға дейін және қажет болған жағдайда одан да көп, 5-6 ММ-тен аспайтын) ескере отырып, магнитті мектептерді тірек мектептерге бекіту;

3. Тірек мектептердің педагогтерін немесе қосымша педагогтерді тарта отырып «Математика» және «Ағылшын тілі» пәнінің педагогтерін кешенде оқыту процесі ұйымдастырып өткізуге тарту (ШЖМ білім алушыларының сапалы білім алуына қолдау көрсету);

4. Білім алушыларды қолдау үшін виртуалды форматта оқыту жүйесін (оқу материалын іріктеу, жоспарлау, әдістер мен тәсілдер, бағалау форматы) ұйымдастыру және жүргізу.

***«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасында келесі мәселелерді іске асырылу жоспарлануда:***

1. Магнитті мектептердің білім алушыларына «Математика» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша виртуалды оқытудың көмегімен заманауи білім беру, ауыл балаларын отандық және әлемдік білім бәсекесіне лайықты тұлға ретінде қалыптастыру, білімдегі тең мүмкіндікке қолжеткізу;

2. Виртуалды оқытуды – ауылдық шағын жинақты мектеп білім алушыларын қолдаудың бір тәсілі ретінде қарастыру;

3. Республика бойынша тірек мектептерде пәндер бойынша виртуалды сабақ өткізетін педагогтер қауымдастығын, желілік педагогикалық қоғамдастықты құру;

4. Білім алушыларға кәсіби бағдар бере отырып, болашақ мамандық таңдау жолында бағыт-бағдар көрсетіп, мүмкіндіктер беру;

5. Тірек мектептері мен магнитті мектептерде сессия жұмыстарын өткізіп ұйымдастыру арқылы шағын ауылдардың білім алушыларын әлеуметтендіру, қарым-қатынас жасау арқылы өмірге бейімдеу, өмірлік жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдау және т.б. жолдарын көрсету

### *3.3 «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын іске асырудың 1-кезеңінде атқарылатын жұмыстар*

Аталған пилоттық жобаның мәселесі 2022 жылдың ақпан айында «базалық мектеп» жобасы деген атпен қарастырылды. Алғашқы жобада республиканың барлық өңірін толықтай қамту ұсынылды. Жоба идеясы – ортақ қаржыландыру мен ортақ басқаруға негізделді.

Мамыр айында Жобаны 5 облыста: Ақмола, Атырау, Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында енгізу қарастырылды.

Мамыр-тамыз айларында барлық қажетті ақпараттар алынып өңірлер бойынша толық зерттеу, зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында Жоба «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының талқылауына салынды. Жобаны зерделей келе, шағын жинақты мектептер саны көп өңірлердің бірі – Солтүстік Қазақстан облысын қамту ұсынылды.

2022-2023 оқу жылында СҚО-да Жоба толықтай енеді және қалған екі жылда қалған өңірлерде жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

**Солтүстік Қазақстан облысында Жобаға кіретін тірек мектептерді зерттеп-зерделеу барысында келесі мәліметтер анықталды**

1. Көптеген мектептерде Интернет мәселесінің дұрыс жолға қойылмағаны; Яғни қағаз жүзінде Мбит/с.-ның артық болуы ал іс жүзінде талапқа сәйкес болмай төмен болуы.

2. Мектеп директорларының ротацияға түспеу;

3. Біраз педагогтердің еңбек өтілінің жоғары болуы, яғни жасы еңсерген педагогтердің көптігі. Бұл жағдай заманауи техникалық құралдарды қолданып виртуалды оқытуды ұйымдастыруда қиындықтар туғызады.

4. Педагог кадрлардың сапалық құрамының талапқа сай болмауы және т.б. мәселелер анықталды.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасы аясында «Виртуалды оқытуды» ұйымдастыруда қажетті техникалық құралдарды сатып алу «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры тарапынан жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қажетті техникалық құралдарды алу келесі кестеде көрсетілген.

**15-кесте. Виртуалды сабақтарды ұйымдастыруға қажетті техникалық құралдар**

| **Виртуалды сабақтарды ұйымдастыруға қажетті техникалық құралдар** | | |
|---|---|---|
| ***ШЖМ-ға*** | ***Тірек мектептерге*** | ***VR Lab:*** |
| ➢ Интерактивті сенсорлық тақта<br>➢ Камера<br>➢ Микрофон<br>➢ Принтер<br>➢ Бағандар<br>  | ➢ Ноутбук<br>➢ Графикалық планшет<br>➢ Микрофон құлаққаптары<br>➢ VR Lab<br> | ➢ ВР мектептерін көзілдірікпен қамтамасыз ету қажет (1 мектепке 10 көзілдіріктен)<br>➢ Пәндер бойынша мазмұн беру<br>➢ Химия 7-11 сыныптар<br>➢ Биология 7-11 сыныптар<br>➢ Физика 7-11 сыныптар<br> |

Кестеде берілген техникалық құралдарға тоқталып өтсек.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын іске қосуда «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен келесі техникалық жабдықтарды алу және оны білім беру саласында ұтымды пайдалану жоспарланып отыр. Қордың тарапынан алынатын құралдар келесі сурет пен кестелерде берілген.

**Магнитті мектептер үшін:**

10-сурет. 1. Интерактивті сенсорлық тақта.




Берілген тақтаның көмегімен тірек мектебіндегі педагогтері магнитті мектептерде «Математика», «Ағылшын тілі» пәндерін виртуалды оқытуды ұйымдастырады. Сонымен қатар бірнеше мектептерді қосып онлайн жиналыстарды да ұйымдастырып өткізуге болады.

2-камера. Виртуалды сабақты ұйымдастыруда қажетті құрал бұл – камера. Камера арқылы виртуалды педагог виртуалды сыныппен байланыста отырып, сабақтың өту барысын қадағалап отырады. Алынатын камераның техникалық сипаттамасы келесі кестеде берілген.

**16-кесте. Камераның техникалық сипаттамасы**

| | *VR Lab:* | **Техникалық сипаттамасы** | |
|---|---|---|---|
| |  | Бекіту жоқ | • Биіктігі: 66 мм<br>* Ені: 58 мм<br>* Қалыңдығы: 48 мм<br>* Салмағы: 150 г |
| | | Монитор қондырғысымен | • Биіктігі: 85 мм<br>* Ені: 58 мм<br>* Қалыңдығы: 48 мм<br>* Салмағы: 222 г |
| | | Кабель | * Ұзындығы: ұзындығы 1,5 м USB-C 3.1 кабелі |
| | | Техникалық сипаттамалары | Таратылатын бейненің максималды ажыратымдылығы: MJPEG форматында 1080p / 60 кадр / сек |
| | | Қолдау көрсетілетін рұқсат | • 1920 x 1080, 1280 x 720, 960 x 540, 848 x 480, 640 x 360, 320 x 240 |
| | | Қолдау көрсетілетін кадр жиілігі | * MJPEG: 60, 30, 24, 20, 15, 10, 7,5 және секундына 5 кадр<br>* YUY2, NV12: 30, 24, 20, 15, 10, 7,5 және секундына 5 кадр |
| | | Линза | * Шыны линзалары бар премиум толық HD линзасы<br>• f/2.0-3,7 мм фокустық қашықтық<br>• Көру өрісі: диагональ бойынша 78° |
| | | Фокустау | * Автофокус (10 см-ден шексіздікке дейін) / Logitech capture технологияларына назар аудару |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Кірістірілген аудио құралдар | * Шуды болдырмайтын сүзгісі бар екі бағытты микрофон<br>* Стерео арна немесе екі моно арна<br>Жұмыстың Жарық индикаторлары<br>* Ақ жарық диоды |
| | | Кепілдік туралы ақпарат | Жабдыққа 2 жыл мерзімге шектеулі кепілдік |

3-микрофон. Виртуалды сабақты ұйымдастыруға қажетті құралдардың бірі – микрофон. Микрофон құлаққапқа орнатылған болады. Яғни, виртуалды педагогтің дауысы әрбір білім алушыға айқын, анық естілуі керек. Микрофонның техникалық сипаттамасы келесі кестеде берілген.

**17-кесте. Микрофонның техникалық ерекшелігі**

| | *VR Lab:* | **Техникалық сипаттамасы** | |
|---|---|---|---|
| |  | **Қосымша сипаттамалар** | Корпустың материалы Пластик<br>Үйлесімділік Mobile, PC<br>Футляр/ қаптамада емес<br>Амбушюр материалы поролон<br>Жиналмалы дизайн емес |
| | | **Микрофон** | Жиілік диапазоны 100 - 6.5<br>Микрофон жылжымалы<br>Микрофонды өшіру бар<br>Микрофонның сезімталдығы, ( - ), дБ 44 |
| | | **Негізгі сипаттамалары** | Жиілік диапазоны, Гц-кГц 20 - 20<br>Сезімталдық, дБ 122<br>Кедергі, Ом 22 |
| | | **Қосылу және басқару** | Кабельдың ұзындығы, м 1.8<br>Байланыс түрі сымды<br>Дыбыс деңгейін басқару сыммен<br>Штекер формасы тігінен<br>Кабельді қосу әдісі бір жақты |
| | | **Құрылысы** | Бекіту түрі басқа ілу арқылы<br>Мақсаты офистік<br>Гарнитура сегменті күнделікті (өмірдің кез келген жағдайында)<br>Эмитент дизайнының түрі динамикалық |
| | | **Контроллер** | Контроллер жиынтықта жоқ |

Тірек мектебінде виртуалды оқытуды ұйымдастыру үшін принтер қажет болары анық. Сондықтан да келесі кестеде техникалық сипаттамасы берілген принтерді сатып алу ұсынылады.

**18-кесте. Жоба аясында алынатын принтердің техникалық ерекшелігі**

| | *VR Lab:* | **Техникалық сипаттамасы** | |
|---|---|---|---|
| |  | **Негізгі сипаттамалары** | Сериясы LaserJet Pro<br>Басып шығару технологиясы Лазерлік<br>Басып шығару типі түрлі-түсті емес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Жинақтау | Қуаттау кабелі, Пайдаланушы нұсқаулығы, Тонер-картридж |
| | | Құрылғы | Копир, Принтер, Сканер<br>Орналастыру |
| | | Үстел үсті | Өндіруші HP<br>Айына шығаратын беттер саны, бет/айына 8000<br>Қосылғаннан кейін шамамен жылыту уақыты, 14 с |
| | | **Принтер** | Максималды формат A4<br>Максималды басып шығару ажыратымдылығы 600x600<br>Монохромды басып шығарудың максималды жылдамдығы, бет/мин 20 |
| | | **Интерфейстер мен қосылыстар** | Интерфейстер USB Type-B |

Сонымен қатар магнитті мектептер үшін бағандар алу қарастырылған. Бағандардың техникалық ерекшелігі келесі кестеде берілген.

**19-кесте. Жоба аясында алынатын бағандардың техникалық ерекшелігі**

| | ***VR Lab:*** | **Техникалық сипаттамасы** | |
|---|---|---|---|
| |  | **Негізгі сипаттамалары** | Жиілік диапазоны 30 - 20<br>Қуаттаушы желі<br>Жалпы қуат, Вт 40<br>Динамик жүйесінің форматы 2.1<br>Арналарды бөлу, дБ 45<br>Сигнал / шу қатынасы, дБ 75<br>Сымды қосылым түрі сызықтық кіріс |
| | | **Бағандар** | Қабырғаға бекіту жоқ<br>Жолақтар саны 1<br>Динамик материалы Пластик<br>Динамик диаметрі, см 6.3<br>Динамик қуаты, Вт 10<br>Бағандар саны, дана 2 |
| | | **Баған өлшемдері** | Биіктігі, см 17.8<br>Кеңдігі, см 8<br>Тереңдігі, см 8.3 |
| | | **Сабвуфердің өлшемдері** | Биіктігі, см 21.2<br>Кеңдігі, см 16.5<br>Тереңдігі, см 31.3 |

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен тірек мектептері үшін келесі техникалық құралдарды алу жоспарланып отыр. Алынған құралдармен жұмыс жүргізу бойынша толық ақпарат біліктілікті арттыру курсы аясында берілетін болады. Тірек мектептер үшін ең алдымен ноутбук қажет. Алынатын ноутбуктің техникалық ерекшелігі келесі кестеде берілген.

**20-кесте. Жоба аясында алынатын ноутбуктің техникалық ерекшелігі**

| | *VR Lab:* | **Техникалық сипаттамасы** | |
|---|---|---|---|
| |  | **Интерфейстер** | Корпустағы қосқыштар HDMI, Jack 3.5 mm, LAN қосқыш, RJ45, USB 3.2, USB Type C |
| | | **Желілік байланыстар** | Bluetooth иә<br>Wi-Fi-ға қосылу иә |
| | | **Жады** | SSD дискінің көлемі, ГБ 512<br>Диск түрі SSD<br>Оперативті жадының көлемі, ГБ 8 |
| | | **Габариттер** | Кеңдігі, мм 359.6<br>Қалыңдығы, мм 24.2<br>Ұзындығы, мм 251.9<br>Салмағы, кг 2.2<br>Корпус материалы Пластик |
| | | **Негізгі сипаттамалары** | Сериясы<br>Lenovo IdeaPad Gaming 3<br>Ноутбук класы Ойындар мен өндіріске |
| | | **Процессорлар** | Процессор өндірушісі Intel<br>Процессордың моделі 11300H<br>Ядролар саны 4<br>Интеграцияланған графикалық ядро Intel Iris Xe Graphics<br>Turbo Boost процессорының сағат жылдамдығы, ГГц 4.4<br>Процессордың сериясы Intel Core i5<br>Процессордың жиілігі, ГГц 3.1<br>Кезеңі 11-кезең (Tiger Lake) |
| | | **Қосымша сипаттамалар** | Кірістірілген веб камера HD<br>Жетек түрі жоқ<br>Пернетақтаны жарықтандыру бар<br>Шығарылған жылы 2021 |
| | | **Дисплей** | Дисплей ажыратымдылығы 1920x1080 Full HD<br>Диагональды дисплей, дюйм 15.6<br>Экранды жаңарту жиілігі 120 Hz<br>Сенсорлық экран емес<br>Экран матрицасының түрі IPS |
| | | **Бейне** | Графикалық карта моделі NGF RTX3050<br>Бейне жады көлемі, ГБ 4<br>Графикалық карта түрі Дискреттік |

Графикалық планшет алу мәселесі талқыланады және микрофон құлаққаптары магнитті мектептердегі техникалық ерекшеліктерге сәйкес келеді.

Сонымен қатар тірек мектептері үшін виртуалды зертхана жұмыстарын ұйымдастырып өткізуде VR көзілдіріктерді алу қарастырылып отыр.

***VR зертханада:*** Виртуалды зертханалардың көмегімен пәндердің мазмұнын меңгерту жүзеге асырылады. ВР көзілдіріктер арқылы алдағы уақытта

«Химия» 7-11-сыныптар, «Биология» 7-11-сыныптар, «Физика» 7-11-сыныптарда пәндерді оқыту жүзеге асырылатын болады. ВР көзілдіріктің техникалық сипаттамасы келесі кестеде берілген.

21-кесте **VR** көзілдіріктің техникалық сипаттамасы

| | ***VR Lab:*** | **Техникалық сипаттамасы** | |
|---|---|---|---|
| |  | Аппараттық құрал | **ДК міндетті емес**<br>Виртуалды шындықты көрсетеді. Смартфон қосымшасын немесе компьютерді қосу қажет етеді. |
| | | Бақылау | **Алты дәрежелі еркіндік**<br>6DOF көмегімен гарнитура пайдаланушының басы мен денесінің қозғалысын бақылайды, содан кейін оларды виртуалды шындыққа нақты дәлдікпен аударады. |
| | | Контроллерлер | **Жаңартылған сенсорлық контроллерлер**<br>Meta Quest 2 touch контроллері жақсартылған эргономикамен жаңартылды. Жаңа бас бармақ тірегі қажет болған кезде тұрақтылықты қосады. |
| | | Бастағы белдікте | **Жұмсақ бау**<br>Білім алушылардың кез келген түріне жеңіл жайлылықты қамтамасыз етуге арналған. Бұл жұмсақ белдікті meta Quest аксессуарларымен оңай реттеуге немесе жаңартуға болады. |
| | | Оптика | **Сипаттамалары**<br>Жылдам ауысатын СД дисплейі<br>Әр көзге 1832 x 1920 ажыратымдылығы<br>60, 72, 90 Гц жаңарту жиілігіне қолдау көрсетіледі. Көзілдірікпен үйлесімділік |
| | | Дыбыс таратуы | **Позициялық аудио**<br>Үш өлшемді позициялық дыбыс гарнитураға тікелей салынған, бұл айналаңыздағы барлық нәрсені естуге мүмкіндік береді. 3,5 мм аудио порт құлаққапта да, құлаққапсыз да ойнауға мүмкіндік береді. |
| | | Қолданбалар мен ойындар | **Мета квест дүкені**<br>Жаңа шытырман оқиғаларды ашыңыз, эпикалық қиындықтарды шешіңіз немесе сүйікті көп функциялы ойындардағы, шоулардағы және тәжірибелердегі классикалық сәттерді қайта қарастырыңыз. |
| | | Сақтау | 128 ГБ \| 256 ГБ |

VR көзілдірікті зертханалық жұмыстарда пайдалану арқылы білім алушылардың түрлі зертханалық жұмыстарға қызыға қатысып, жаңа сабақты меңгеруде жеңілдіктер де туындар еді.

Ал педагогтерге заманауи білім беру құралдарын пайдалана отырып, жаңа авторлық жобалар әзірлеуге мүмкіндіктер де пайда болар еді.

***3.4 1-кезеңде Жобаға кіретін тірек мектептердегі педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар***

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 28 тірек мектебін Пилоттық жобаға кірістіру қарастырылған. Олар:

**Айыртау ауданы бойынша** Володаровка ауылдық округінің «№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы» КММ, Айыртау ауданы бойынша Лобанов ауылдық округінің «Лобанов орта мектебі» КММ;

**Ақжар ауданы бойынша** Талшық ауылдық округінің «Талшық орта мектебі» КММ, Ақжар ауданы бойынша Ленинград ауылдық округінің «№2 Ленинград орта мектебі» КММ, Аққайың ауданы бойынша Токуши ауылдық округінің «Токуши мектеп-гимназиясы» КММ;

**Аққайың ауданы бойынша** Смирнов ауылдық округінің «№ 3 Смирнов орта мектебі» КММ, Есіл ауданы бойынша Корнеевка селолық округінің «Корнеевка орта мектебі» КММ, Есіл ауданы бойынша Николаевка селолық округінің «Асқар Игібаев атындағы орта мектебі» КММ;

**Жамбыл ауданы бойынша** Кладбинка ауылдық округінің «Кладбинка жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Жамбыл ауданы бойынша Благовещенка ауылдық округінің «Благовещенка жалпы орта білім беру мектебі» КММ;

**Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша** Алтын дән ауылдық округінің «Совет орта мектебі» КММ, Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша Қарақоға ауылдық округінің «Қарақоға орта мектебі» КММ, Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша Возвышенка ауылдық округінің «Возвышенка орта мектебі» КММ;

**Қызылжар ауданы бойынша** Боголюбово ауылдық огругінің «Боголюбово орта мектебі» КММ, Қызылжар ауданы бойынша Боголюбово ауылдық округінің «Бәйтерек орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылжар ауданы бойынша Рассвет ауылдық огругінің «Рассвет орта мектебі» КММ;

**Мамлют ауданы бойынша** Мамлют қаласының «Мамлют қазақ мектеп-интернаты» КММ, Мамлют ауданы бойынша Воскресеновка ауылдық округінің «Воскресеновка орта мектебі» КММ, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Рузаев ауылдық округінің «Калинов орта мектебі» КММ, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Чистопол ауылдық округінің «Чистопол орта мектебі» КММ;

**Тайынша ауданы бойынша** «Тайынша қаласының №2 орта мектебі» КММ, Тайынша ауданы бойынша Абай ауылдық округінің «Қараағаш орта мектебі» КММ, Тайынша ауданы бойынша Краснополян ауылдық округінің «Краснополян орта мектебі» КММ, Тимирязев ауданы бойынша Тимирязев ауылдық округінің «С.Мұқанов атындағы жалпы білім беру мектеп-гимназиясы» КММ;

**Уәлиханов ауданы бойынша** Кішкенекөл ауылдық округінің «Мектеп жанындағы интернаты бар № 2 Кішкенкөл орта мектебі» КММ, Уәлиханов ауданы бойынша Құлыкөл ауылдық округінің «Әуезов орта мектебі» КММ;

**Шал ақын ауданы бойынша** Аютас ауылдық округінің «М.Ахметбеков атындағы орта мектебі» КММ, Шал ақын ауданы бойынша «Сергеевка қаласының қазақ орта мектебі» КММ.

Жобаны іске асырудың 1-кезеңінде жүзеге асырылатын 28 тірек мектептің сапалық құрамына тоқталсақ. Тірек мектептеріндегі педагогтердің сапалық құрамы бойынша ақпарат 11-суретте берілген.

**11-сурет. Тірек мектебіндегі педагогтердің сапалық құрамы**




Жобаға кіретін тірек мектептердегі барлық педагог саны – 1202. Оның ішінде «педагог-шеберлер» – 6, «педагог-зерттеуші» – 212, «педагог-сарапшы» – 296, «педагог-модератор» 243, педагогтер – 435. Педагогтерге қажеттілік жоқ.

Көріп отырғанымыздай, тірек мектептерінде педагог кадрлардың санының көптігі білім саласында алшақтыққа алып келуі мүмкін. «Педагог» санатындағы педагогтердің біліктілігі жоғары педагогтерден артық болуы ойлантатын жағдайлардың бірі.

Келесі кестеде Жобаға кіретін магнитті мектептердегі педагогтердің сапалық құрамы берілген. Көріп отырғанымыздай, магнитті мектептерде де «педагог» санатындағы педагогтердің санының көп болуы ойланатын жағдай. Яғни бұл мектептерде де педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстарын жүйелі жүргізілуі қажет. 12-суретте магнитті мектеп педагогтерінің сапалық құрамы берілген.

**12-сурет. Магнитті мектеп педагогтерінің сапалық құрамы**




Жобаға кіретін магнитті мектептердегі барлық педагог саны – 1176. Оның ішінде «педагог-шеберлер» – 1, «педагог-зерттеуші» – 95, «педагог-сарапшы» – 296, «педагог-модератор» 242, «жоғары санатты» – 48 «бірінші санатты» – 46, «екінші санатты» – 60 және «педагогтер» – 407. Педагогтерге қажеттілік жоқ.

Пән мамандарының жетіспеушіліктері бар. Олардың көбі: математика, информатика, химия, физика, орыс тілі, география және т.б. пәндерден анықталып отыр.

Алынған мәліметтерге сүйене келе, 1-кезеңге алынған тірек мектептер мен магнитті мектептерде білім беру сапасын жақсарту, педагогтердің біліктілігі арттыру мәселесін оңтайландыру қажеттілігі туындап отырғанын байқаймыз.

Осы арада «Тірек мектептері (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасында педагогтердің біліктілігін арттыру мәселесі бірінші орынға қойылып отыр.

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы аясында тірек мектебінің «Математика» (5-6-сынып), «Алгебра» (7-9-сынып), «Геометрия» (7-9-сынып), «Алгебра және анализ бастамалары» (10-11-сынып), «Ағылшын тілі» (5-11-сынып) оқу пәндерін оқыту виртуалды педагогтердің көмегімен жүзеге асыру көзделіп отыр.

***Тірек мектепте «Ағылшын тілі» пәнін виртуалды оқыту мәселесі бойынша ұсыныстар***

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Пилоттық жобаның 1-кезеңіне кіретін тірек мектептердегі педагогтер саны – **77**. Олардың 16 сағаттық жүктемемен жүргені – 9. 16 сағаттық жүктемеге толмайтыны – 14. 16 сағат пен 24 сағаттық жүктемемен жүргені – 50. 24-тен жоғары жүктемемен жүрген педагог – 4.

Бұдан шығатын қорытынды, «Ағылшын тілі» пәніне 64% педагог 16 сағат пен 24 сағаттық жүктемемен жүргендіктен «виртуалды педагог» қызметіне қосымша маман қарастыру ұсынылады.

13-суретте тірек мектептердегі «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагогтердің еңбек өтілі бойынша ақпарат берілген.

**13-сурет. Тірек мектебіндегі «Ағылшын тілі» педагогтерінің еңбек өтілі**




Тірек мектептердегі педагогтердің еңбек өтілі. 5 жылға дейін – 21. 6-10-жылға дейін – 15. 11-20 жыл – 27. 21-ден жоғары – 14 педагог анықталды.

Тірек мектебінің 35% педагогінің еңбек өтілі 11 жыл мен 20 жылдың аралығында және 18 % педагогтің еңбек өтілі 21 жылдан жоғары. Бұл да педагогтерге қашықтан оқыту жағдайында виртуалды сабақ өткізуде қиындықтар туғызуы мүмкін. Сонымен қатар «Ағылшын тілі» пәнінен сабақ өткізетін педагогтердің 11-де категориясы жоқ педагогтер. Яғни 14 % педагогтің біліктілік тәжірибесі жоқ. Сондықтан бұл жағдай да сапалы білім беруде белгілі кедергілер тудыруы мүмкін. Категориясы жоқ педагогтердің ішінде еңбек өтілі 1 жылдан 31 жылға дейін педагогтер кездеседі. Бұл жағдайда педагогтердің көбі жаңартылған білім беру мазмұны курстарынан өтпеген деген шешім шығаруға болады. Сондай-ақ, категориясы жоқ педагогтердің апталық жүктемесі 12 сағат

пен 24 сағаттық жүктеменің аралығын қамтиды. Сонда категориясы жоқ, жаңартылған білім беру мазмұнын меңгермеген мұғалімдер қаншалықты виртуалды мұғалім қызметін атқара алады деген сұрақ орынсыз туындайды.

Бұл тек тірек мектептеріндегі жағдай ғана.

***«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешеніне» кіретін тірек мектептердегі «Математика» пәнін виртуалды оқыту бойынша ұсыныстар***

Тірек мектептерде «Математика» пәнінен сабақ өткізетін педагогтер саны – **100.** Апталық жүктемелері 16 сағатқа дейіні – 38 педагог. 16-24 – 52 педагог. 25-тен жоғары – 10 педагог. Көріп отырғанымыздай, 25-тен аса оқу жүктемесімен жүрген педагогтер де бар екен.

14-суретте тірек мектебіндегі «Математика» пәнінен сабақ өткізетін педагогтер бойынша ақпарат берілген. Кестеден көріп отырғанымыздай, еңбек өтілі 21 жылдан жоғары педагогтердің «виртуалды педагог» қызметін атқаруда күмән келтіретін жағдайлар туындауы мүмкін.

**14-сурет. Тірек мектебіндегі «Математика» пәнінен сабақ өткізетін мұғалімдер бойынша ақпарат**




Тірек мектебінде қызмет атқаратын педагогтердің еңбек өтілі: 5 жылға дейін қызмет атқарып жүрген педагогтер – 17, 6-10 жыл аралығында қызмет атқаратыны – 10, 11-20 жыл аралығында сабақ өткізетіні – 24 және 21 жылдан еңбек өтілі жоғары педагогтер – 49.

«Математика» пәнінен сабақ өткізетін педагогтердің сапалық құрамы: «педагог-шебер» – 1. «Педагог-зерттеуші» – 24, «педагог-сарапшы» – 16, «педагог-модератор» – 23, «педагог» (санаты жоқтар) – 36. Яғни, 36 % педагог біліктілігін арттырып, тесттен өтуді қажат етеді.

Тірек мектептегі «Математика» пәнінен сабақ өткізетін педагогтердің 2020-2022 оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан өтуі бойынша: 2020-2022 оқу жылында 19 педагог біліктілік арттыру курстарынан өткен. Бұл 19 %-ды құрап отыр. Алдағы уақытта 81 % педагогтің біліктілігін арттыру қажеттілігі бар.

***Магнитті мектептерде «Ағылшын тілі» пәнін оқыту бойынша ұсыныстар***

Магнитті мектепте «Ағылшын тілі» пәнінен **89** педагог сабақ береді. Олардың апталық жүктемесі: 16-сағатқа дейіні – 52, 16-24 сағатпен жұмыс жасайтын педагогтер – 28. 24-сағаттан жоғары – 9 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде «педагог-шебер» – 0. «педагог-зерттеуші» – 8, «педагог-сарапшы» – 18, «педагог-модератор» – 17. Категориясы жоқ немесе бұрынғы

категорияда жүрген педагогтер – 46. Яғни 51 % педагогтің санаты жоқ болып есептеледі.

15-суретте магнитті мектептердегі «Ағылшын тілі» пәнінен сабақ өткізетін педагогтер бойынша ақпарат берілген. Кестеден көріп отырғанымыздай, еңбек өтілі 5 жылға дейінгі және еңбек өтілі 25-43 жылды құрайтын педагогтердің саны сәйкес келіп отыр. Бұл жерден магнитті мектептерде 28 % ғана жас мамандар қызмет етсе, 29 % зейнеткер жасындағы педагогтер қызмет етеді. Ал 6-10 жыл еңбек өтілі бар педагогтер 0,8 %-ды құраса, ал 33 % педагогтердің 11 жылдан 25 жылға дейін еңбек өтілі бар екені жақсы көрсеткіш деуге болады.

**15-сурет. «Ағылшын тілі» пәнінен сабақ өткізетін мұғалімдер бойынша ақпарат**




Магнитті мектеп педагогтерінің еңбек өтілі. Магнитті мектептердегі «Ағылшын тілі» пәнінен сабақ өткізетін педагогтердің еңбек өтілі 5 жылға дейін – 25. 6-10 жыл – 8. 11-25 – 30. 25-43 жыл – 26. Яғни 29% педагогтің еңбек өтілі 25 жылдан жоғары. Демек зейнеткер жасындағы педагогтер. Бұндай жастағы педагогтер заманауи технологияға сай сабақ өткізе алу мүмкіндігі ойлантады.

2020-2022 жылдары біліктілік арттыру курстарынан өткендер – 46. Яғни 51% магнитті мектептердің педагогтері біліктіліктерін соңғы 3 жылда арттырған. Қалған 49 % педагогтің біліктілігін арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Сондықтан «Тірек мектебі (ресурстық орталық» – магнитті мектеп» кешенінде» виртуалды педагогтердің көмегімен шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білім беру қарастырылап отыр. Бұл жағдай білім сапасын жақсартуға, білімдегі алшақтықты азайтуға өзіндік әсерін тигізері анық.

***Магнитті мектептерде «Математика» пәнін виртуалды оқыту бойынша ұсыныстар***

Магнитті мектептерде «Математика» пәнінен 5-11-сыныптарда – 107 педагог сабақ өткізеді.

Пән мұғалімдерінің апталық жүктемесі. 16 сағатқа дейін – 59. 16-24 сағат – 36. 24-тен жоғары – 11 педагог.

Педагогтердің сапалық құрамы: «педагог-шебер» – жоқ, «педагог-зерттеуші» – 9, «педагог-сарапшы» – 22. «педагог-модератор» – 19. «педагог» (санаты жоқтар) – 57. 53 % педагогтің санаты жоқ болып есептеледі. Яғни, педагогтермен біліктілік арттыру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

7-кестеде «Математика» пәні мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша ақпарат берілген. Кестеден пән мұғалімдерінің 41 %-ының еңбек өтілі 25-43 жыл болса, 27 % педагогтің еңбек өтілі 11-25 жыл аралығында. Сонда 68 % педагог егде

жастағы адамдар болуы мүмкін. Сонда осы мұғалімдер виртуалды педагогтің қызметін қаншалықты сапалы атқара алады деген сұрақ орынсыз туындайды.

Сондықтан виртуалды педагог қызметіне жасы 40-қа дейінгі мамандарды алған дұрыс. Себебі заманауи техникалық құралдармен жұмыс жасауда жас педагогтер жылдамырақ қабылдайды және білім алушыларға жеңіл түрде жеткізе алады.

**16-сурет. «Математика» пәні мұғалімдерінің еңбек өтілі бойынша ақпарат**




Магнитті мектептерде қызмет атқаратын педагогтердің еңбек өтілі бойынша: еңбек өтілі 5 жылға дейін – 25 педагог, 6-10 жыл аралығында – 9 педагог, 11-25 жыл еңбек өтілі бар 29 және 25-43 жыл еңбек өтілі бар – 44 педагог қызмет атқарады.

2020-2022 оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтер саны – 48. Оның ішінде ағымдағы жылы өткені – 14. Бұл мәселе де шешуді талап етеді.

***«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешеніндегі» мектеп директорларының жағдайы мен оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар***

«Тірек мектептерде» 28 мектеп директоры қызмет атқарады. 16-суретте тірек мектебінің директорлары бойынша ақпарат берілген.

17-суретте берілген тірек мектебінің директорлары бойынша ақпаратқа назар салсақ, директорлардың ішінде 31 жыл директорлық қызмет атқарып келе жатқан директорлардың барлығы да анықталды. Еңбек өтілі 5 жылға дейінгі директорлар 46 %. Яғни жас директорлардың саны көбеюде.

**17-сурет. Тірек мектебінің директорлары бойынша ақпарат**




Тірек мектептерде еңбек өтілі 5 жылға дейін – 13 директор, 6-10 жыл аралығында – 4, 11-20 жыл аралығында – 9, 21-30 жыл аралығында – 1 және 31 жылдан жоғары еңбек өтілі бар директорлар қызмет атқарады.

Мектеп басшыларының ұзақ уақыт қызметте отыруы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 карашадағы

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 559 бұйрығының талаптарына қайшы келеді.

Магнитті мектептерде 68 директор қызмет атқарады. Магнитті мектеп директорларына да аталған бұйрықты басшылыққа алу ұсынылады.

**18-сурет. Магнитті мектептердің директорлары бойынша ақпарат**




Магнитті мектеп директорларының еңбек өтілі бойынша: еңбек өтілі 5 жылға дейін – 29 директор, 6-10 жыл аралығында 10, 11-20 жыл аралығында – 13, 21-30 жыл аралығында – 10 және 31 жылдан артық директорлық қызметте отырған 6 мектеп директоры бар екені анықталып отыр.

***Мектептердің материалдық техникалық базасын жақсарту бойынша ұсыныстар***

***Тірек мектептердегі МТБ-ны жақсарту бойынша ұсыныстар***

«Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасына кіретін мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту өзекті мәселелердің бірі.

Бірінші мәселе, қазіргі жағдай бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Жобаға кіретін 28 тірек мектебіндегі жағдай бойынша, мектептегі интернет жылдамдығы құжатта көрсетілген санмен сәйкес келмейді. Мәселен, Айыртау ауданы Саумалкөл №2 мектебінде интернет жылдамдығы 10 Мбит/с болса, құжатта 30 Мбит/с көрсетілген. Сол секілді Ақжар ауданы «Талшық» орта мектебінде 90/100, Аққайың ауданы «Токушинская мектеп-гимназиясында» 6/10, Мамлют ауданы «Мамлют қазақ мектебінде» 72/100 Мбит/с көрсетеді. Бұндай жағдай біраз мектептерде анықталып отыр.

Екінші мәселе, кабинеттердің жабдықталу мәселесі. 28 тірек мектебінің 21-де кабинеттер виртуалды сабақ өткізуге жабдықталмағандығы анықталды. Тек 1 Мамлют ауданы «Воскресенская» орта мектебінде 1 кабинет (физика кабинеті) жабдықталғаны, онда 15 моноблок, 30 ноутбук, 20 жеке компьютер және 8 интерактивті панелі бар. Осы мектептегі интернет жылдамдығы іс жүзінде 3 Мбит/с болса, құжаттамада 8 Мбит/с көрсетіліп келген. Оқу планшеттеріне деген қажеттілік – 20 дананы құрайды.

Ал Тайынша ауданы «Қарағаш» орта мектебінде 1 кабинет 15 компьютермен, 2 ледэкранмен, 3 принтермен, 2 интерактивті тақтамен жабдықталған. Оқу планшеттеріне деген сұраныс 30-ды құрайды. Сондай-ақ,

компьютерлердің жағдайы ескірген. 2009, 2013 жылғы компьютерлер қолданыста.

Ал Темирязевский ауданындағы «С. Мұқанов атындағы мектеп-гимназияда» интернет жылдамдығы 67 Мбит/с-ға дейін. Ал құжат жүзінде 80 Мбит/с-ға дейін деп көрсетілген. Осы мектептегі кабинет 15 компьютермен жабдықталған және виртуалды сабақты ұйымдастыру үшін ледэкран қажеттілігі туындап отыр.

***Тірек мектептерде виртуалды оқытуға байланысты кабинеттерді жабдықтау бойынша ұсыныстар***

***Тірек мектептерде «Математика» пәнін виртуалды оқыту бойынша*** сабақтарды ұйымдастырып өткізуде жеке кабинетінің қарастырылуы. 28 тірек мектебінің 5 мектебінде «Математика» пәнін виртуалды оқыту бойынша кабинет қарастырылмаған.

28 тірек мектебінде сабақты ұйымдастырып өткізу бойынша құралдарды қарастыру мәселесін шешу қажет. 2 тірек мектепте Жамбыл аудан «Пресновская» жалпы білім беретін мектеп-гимназияда және осы ауданның «Благовещенская» жалпы білім беретін орта мектебінде оқытуға арналған құралдар мүлдем қарастырылмаған.

Ал 10 мектепте оқытуға арналған құрал жабдықтар болғанымен, олардың саны бір-екіден ғана, яғни ол құралдар виртуалды оқыту мәселесінде аздық етеді.

Оқыту құрал-жабдықтарының алынған жылына тоқталсақ. 2007 жылғы – 3 мектепте. 2008 жылғы – 1 мектепте, 2011-2012 жылғы жабдықтар – 2 мектепте, 2017 жылғы – 1 мектепте бар.

Ал 2018-2020 жылғы оқыту құралдары 3 мектепте бар. Соңғы жылдары алынған оқыту құралдарымен тірек мектептер жабдықталмаған. Сондықтан жергілікті атқарушы органдар аталған мәселені шешуді қарастырған жөн.

***Тірек мектептерде «Ағылшын тілін» оқытуға кабинет бөлу бойынша ұсыныстар***

***Тірек мектептерде «Ағылшын тілі» пәнін оқытуға*** 30 кабинет қарастырылған. Оның ішінде лингафонмен жабдықталғаны – 14. Орын саны – 200. Лингафон кабинеттерімен жабдықталу жылы – 2007-2012 жылдары – 8. 2016-2020 жылдары – 3. 2021 жылы – 1. Көріп отырғанымыздай, МТБ-ны жаңарту ұсынылады.

***Магнитті мектептерде «Математика» пәнін оқыту мәселесі***

68 магнитті мектепте ***«Математика» пәнін виртуалды оқытуға*** 34 кабинет қарастырылған. Ондағы 44 мектепте виртуалды оқытуға оқыту құралдары жоқ.

Тек Мамлют ауданындағы «Бексейіт» орта мектебінде 1 кабинет, онда 1 проектор (2017 ж.); Тайынша ауданы «Новоприреченская» тірек мектебінде интерактивті тақта және мұғалімнің моноблогы (2020 ж.) бар.

Тайынша ауданы «Новоприреченская» тірек мектебінде 1 кабинет виртуалды оқытуға қарастырылған. Ондағы оқыту құралы: интерактивті тақта

мен мұғалімнің моноблогі бар (2020 ж.) Осы мектептегі интернет жылдамдығы 3 Мбит/с болса, құжат жүзінде 20 Мбит\с болып тіркелген.

Шал ақын ауданы «Алқаағаш» тірек мектебінде виртуалды оқытуға 1 кабинет қарастырылған. Онда 1 проектор бар (2016 ж.)

Шал ақын ауданының «Жалтыр» тірек мектебінде 1 кабинет «Математика» пәнін виртуалды оқытуға қарастырылған. Бұнда 1 проектор (2017 ж.) бар. Мектептің интернет жылдамдығы 8,5 Мбит/с дейін, ал құжат бойынша 10 Мбит/с дейін деп берілген.

***Магнитті мектептерде «Ағылшын тілі» пәнін оқыту мәселесі бойынша ұсыныстар***

68 магнитті мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытуға 24 кабинет қарастырылған. Оның ішінде лингафонды мультимедиямен жабдықталған сыныптар – 3. Оқыту орны – 48 орындық. Оқыту құралдарының алыну жылдары: 2005 жылы – 1. 2012 жылы – 1. 2021 жылы – 1.

Интернеті жоқ магнитті мектептер саны – 36. 4 Мбит/с-ға дейін 1 мектеп. 8 Мбит/с – 2 мектеп. 10 Мбит/с дейін 2 мектеп және қалған мектептердегі интернет жылдамдығы жоғары. Сондықтан жергілікті атқарушы органдарға қажетті жағдайды шешу ұсынылады.

### 3.5 Сессия кезінде тасымалдауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

Солтүстік Қазақстан облысында алынған тірек мектептері мен магнитті мектептердің арасындағы қашықтық 5 км.-дан 55 км.-ға дейінгі қашықта 60 мектеп, 60-100 км.-да 6 мектеп және 100-120 км.- да 2 мектеп алынған.

Тасымалдауы бар мектептер – 18. Жоғы – 18. Қажеттілік – 55 бірлік.

**Тасымалдауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:**

Екі тірек мектебіне күнделікті тасымалдауды ұйымдастыру қажет. Олар:

1. Қызылжар ауданы «Подгорненская» магнитті мектебіне оқушыларды күнделікті «Бәйтерек» орта мектебіне тасымалдау үшін (қашықтық 5 км.) автобус қажеттілігі туындап отыр.

2. Қызылжар ауданы «Водопроводная» магнитті мектебінен «Рассветская» тірек мектебіне (20,3 км.) күнделікті тасымалдау үшін автобус қажеттілігі бар.

**Тірек мектептердің жанындағы интернат мәселесі**

Интернаты бар тірек мектептер саны – 21. Интернаты жоқ тірек мектептер – 5. Оның апталық тасымалдауды ұйымдастыратыны – 6.

1. Аққайың ауданы №3 «Смирновская» орта мектебінде апталық тасымалдау ұйымдастырылған. Интернаты бар. Интернат 50 балаға арналған, бірақ онда 54 білім алушы тұрады. Ресурстық орталықтың білім алушылары үшін бос орындар жоқ.

2. М. Жұмабаев ауданында «Советская» орта мектебінің интернаты бар. Интернатқа 50 дана төсек, 50 төсек жанына тумбалар, төсек-орын жабдықтары 50 жиынтық, сүлгілер 50 дана матрастар – 50 дана; жастықтар – 50 дана; көрпе – 50 дана; киімге арналған 10 шкаф, мектепке арналған 10 шкаф, жазбаша үстелдер

20 дана; төсек жанындағы кілемшелер 50 дана, кілемдер – 2 дана (3х5 метр), ыдыс-аяқ, асүй жиһаздары және жалюздер қажет.

3. М. Жұмабаев ауданы «Қарақоға» орта мектебіне 1 проектор; төсек 25 дана; тумбочкалар 25 дана; шифонер – 12 дана; теледидар – 1 дана; музыкалық жабдық – 1 дана; матрастар – 50 дана; жастықтар – 50 дана; көрпе – 50 дана; орамалдар – 50 дана; перделер жиынтық – 12 дана; тюль – 150 м.; ассортименттегі ыдыс – 1 дана; бокал – 50 дана; тәрелкелер 1-50 дана; тәрелкелер 2-50 дана; қасықтар – 50 дана, асүй үстелдері – 15 дана, табуреткалар 50 дана қажет.

4. Қызылжар ауданында «Боголюбовская» орта мектебіне «Надеждинская» магнитті мектебінен тасымалдау үшін күнделікті тасымалдауды ұйымдастыру қажеттілігі бар.

5. Жамбыл ауданында «Пресновская» жалпы білім беретін орта мектебінен «Новорыбинская» жалпы білім беретін орта мектепте күнделікті тасымалдауды қажет етеді.

### 3.6 Тірек мектептерде сессияны ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

**1-тірек мектебі. СҚО, Айыртау ауданы бойынша Володаровка ауылдық округі «№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы»**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Білім алушыларды сессия кезінде тасымалдауға көлік қарастырылмаған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай аптасына – 110 литрды, айына – 484 литр, жылына – 5808 литрді құрайды. Сессия кезінде 2 рет күнделікті тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай 22 литр 4004 теңге қаражат қажет.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде қанша оқушыларды тамақтандыру жоспарланып отыр. Магниттік мектептерден 42 оқушыны сессия кезінде тасымалдауды жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1340 теңгені құрайды. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат қарастырылмаған.

**Ұсыныстар.** Мектепте 2008 жылғы Газель бар, қозғалтқыш көлемі 2,5 литр. Бұл машина Орловка ауылынан оқушыларды күнделікті тасымалдаумен айналысады, сондықтан сессия кезеңінде магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдау үшін машина жоқ. Жергілікті атқарушы органдарға көлікпен қамтуды ұйымдастыру ұсынылады.

**2-тірек мектебі. СҚО, Айыртау ауданы бойынша Лобанов ауылдық округі «Лобанов орта мектебі»**

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Магниттік мектептерден 41 оқушыны тамақпен қамту жоспарлануда. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – күнделікті тасымалдау кезінде бір балаға 600 теңге қарастырылған. Сессия кезінде жанар-жағармай материалдарының саны 20 литр бензин, күнделікті тасымалдау кезінде 2 рет жеткізуге қажетті қаражат 3640 теңгені құрайды.

**3-тірек мектебі. СҚО, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың**

**ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тоқшын мектеп-гимназиясы» КММ**

**Сессия кезеңінде оқушыларды тасымалдау.** Магниттік мектептерден балаларды тасымалдау үшін көлік жоқ. 18 орындық газель қажет. Жанар-жағармай материалдарының шығысы бойынша бензин шығыны: бір аптада– 480 л.; бір айда – 960 л., бір жылда – 2880 л. құрайды. Автокөліктерді қоятын – гараж жоқ. Автокөлік құралын жүргізу. Балаларды интернаттан алып кетуге арналған жүргізуші бар. Ұсыныс. тағы 1 жүргізуші қажет етеді. 2 реттік жеткізуге қажетті жанар-жағар майдың мөлшері (литр), қаражат (сома) (апта сайынғы жеткізумен) – 480 литрды құрайды.

**Мектеп оқушыларының сессия кезеңіндегі тамақтануы.** Сессия кезеңінде – 8-9-сыныптарда 16 оқушы тамақтандыру жоспарланған. 2 мезгіл тамақтануға қажетті қаражат сомасы (күнделікті жеткізумен) – 600 теңге. 16 оқушыға күніне 9600 теңге, 1 сессияға 96000 теңге, 3 сессияға 288000 теңге қаражат қажет етіледі.

**Ескерту/ұсыныстар.** 5-7-сыныптар қашықтан, 8-9-сынып білім алушылары күн сайын тасымалдауда болады. Осыған байланысты тамақтандыру мен балаларды тасымалдауға қажет етіледі.

**4-тірек мектебі. СҚО, Аққайың ауданы бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аққайың ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№3 Смирново орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылмаған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай күнделікті тасымалдауда аптасына 500 л., айына 1000 л., жылына 3000 л. Көлікті жабдықтау мәселесінде гараж қарастырылмаған.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 11 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 297 000 теңгені құрайды. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (3000 литр) қаражат (555 000 тг.) қажет.

**Ұсыныстар.** Тірек мектебіне магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдайтын арнайы газель және көлік жүргізушісі қажет. Магниттік мектептен келген оқушыларға ыстық тамақтануды қаматасыз ету қажет.

**5-тірек мектебі. СҚО, Корнеевка селолық округі бойынша Корнеевка орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Сессия кезінде тасымалдауға көлік (Газель – 2004 қозғалтқыш көлемі 2200 см.) қарастырылған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (аптасына – 50 л.). Көлікті жабдықтау мәселесінде гараж қарастырылмаған. Техникалық жағдайы 80%-ға тозған.

Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі. Сессия кезінде 14 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде аптасына 2 рет тасымалдауда тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1 оқушыға 2000 теңгені құрайды.

**6-тірек мектебі. СҚО, Есіл ауданы бойынша Николаевка селолық округі «Асқар Игібаев атындағы орта мектеп» КММ**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік (ГАЗ 322132-24, 216 АР мемлекеттік тіркеу нөмерімен, 2012 ж., двигательдің көлемі -2890 см$^{3)}$ қарастырылған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай аптасына 60 литрды қажет етеді. Көлікті жабдықтау мәселесі (гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және т.б. мәселелер) – қарастырылмаған. Көлікті жүргізу мәселесінде жүргізушінің «Д» категориясы бар, жүргізушінің еңбекақысы – 65,553 теңгені құрайды.

**Ұсыныстар.** Тасымалдау үшін 2 газель қажет етіледі, апталық тасымалдау ұйымдастырылады.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 31 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде аптасына 5 рет тасымалдауда бір оқушыға тамақтануға жұмсалатын қаражат – 2000 теңге қарастырылған. Сессия кезінде аптасына 2 рет тасымалдауда жұмсалатын жанар-жағармайдың қажетті мөлшері 60 литрды – 11220 теңгені құрайды.

**7-тірек мектебі. СҚО, Жамбыл ауданы бойынша Кладбинка ауылдық округі Кладбинка жалпы орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылған (маркасы, жылы, қозғалтқыш көлемі) – көлік бар – 2015, қозғалтқыш көлемі 2890, ГАЗ 32173 – 245. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай аптасына – 700 литр, айына – 2800 литр, жылына – 25 200 литрды қажет етеді. Көлікті жабдықтау мәселесі қарастырылмаған. Гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және т.б. мәселелер шешілмеген. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға 30 литр жанар-жағармайға жұмсалады және оған жұмсалатын қаражат *60 мың теңгені құрайды.* Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға – 110 литр қажет 198 мың теңгені қажет етеді.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 108 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде күнделікті тасымалдауда 2 рет тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1 оқушыға 1500 теңге, 78 оқушы үшін – 117 мың теңге есептелді. Сессия кезінде аптасына 5 рет тасымалдауда тамақтануға жұмсалатын қаражат бір балаға 3000 теңге, 30 оқушыға 90 мың теңге жұмсалатыны анықталып отыр.

**Ескерту/ұсыныстар Кладбинка ЖОББМ көлік жоқ. Тасымалдау үшін 7 дана Газель қажетті.**

**8-тірек мектебі. СҚО, Жамбыл ауданы бойынша Благовещенка ауылдық округі Благовещенка жалпы орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылған (маркасы, жылы, қозғалтқыш көлемі) – көлік бар – 2015, қозғалтқыш көлемі 2890, ГАЗ 32173-245. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (аптасына-2150 литрды, айына – 8600 литр, жылына – 154800 литрды құрайды. Көлікті жабдықтау мәселесі (гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және т.б. мәселелер) қарастырылмаған. Көлікті жүргізу мәселесі (жүргізушінің болуы, «Д» категориясының болуы, жүргізушіге төленетін айлық мәселесі) – шешілген,

оның айлық еңбекақысы 66 136 теңгені құрайды. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға 20 литрге жұмсалатын жанар-жағармай 36 мың теңгені қажет етеді. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын 1450 литр жанар-жағармайға 261 мың теңге қажет.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 125 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1 оқушыға 1500 теңгені құрайды, 85 оқушыға – 127,5 мың. теңге жұмсалатыны анықталды. Сессия кезінде аптасына 5 рет тасымалдауда тамақтануға жұмсалатын қаражат бір балаға 3000 теңге, 40 оқушыға 120 мың теңге қарастыру жоспарлануда.

**Ұсыныстар.** Благовещенка ЖОББМ 1-ғана газель. Тасмалдау үшін 8 Газель қажет етеді. «Д» категориясымен жүргізуші тапшылық етеді.

9-**тірек мектебі. СҚО, Әкімдігінің білім басқармасы Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Возвышенке орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылмаған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай аптасына – 162 л., айына – 1800, жылына – 21900 литр қажеттілігі бар. Көлікті жабдықтау мәселесі (гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және т.б. мәселелер) – қарастырылмаған. Көлікті жүргізу мәселесінде жүргізушінің «Д» категориясы бар, жүргізушіге төленетін айлық жалақысы қарастырылған. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай - 90 литр, оған жұмсалатын қаражат 16724 теңгені құрайды. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 72 литр, оған 13320 теңге жұмсау қарастырылып отыр.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 49 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 21900 теңгені қажет етеді. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 15984 теңгені құрайды.

**Ұсыныс.** Екі Газель автокөлігін сатып алу қажет етіледі.

**10-тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қарақоға орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылған – көлік жоқ. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (бензин): аптасына – 65 л., айына – 260 л., жылына – 2600 л. қажет етеді. Көлікті жабдықтау мәселесі (гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және т.б. мәселелер) – қарастырылмаған. Көлікті жүргізу мәселесі (жүргізушінің болуы, «Д» категориясының болуы, жүргізушіге төленетін айлық мәселесі) шешілген, жүргізуші бар, оның «Д» категориясы бар, жүргізушіге төленетін айлық – 66 000 теңге. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 25 литр, қаражат – 4550 теңгені қажет етеді. Сессия кезінде 5

рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 40 литр, қажет етілетін қаражат – 7280 теңгені құрайды.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 82 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат 30 590 теңгені құрайды. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат 88 440 теңге.

**Ұсыныс.** Екі Газель автокөлігін сатып алу қажет.

**11-тірек мектебі. СКО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Совет орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Сессия кезінде оқушыларды тасымалдау үшін автокөлік құралдары қарастырылған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 25000 теңге, 100000 теңге, 900000 теңгені қажет етеді. Көлікті жабдықтау мәселесінде (гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және т.б. мәселелер) – шешілген, гараж бар. Көлікті жүргізу мәселесі шешілген, жүргізуші бар, тиісті санаты бар, айлық еңбекақысы 60 000 теңгені құрайды. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай 900 000 теңгені қажет етеді.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 43 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражатты есептеу қажеті. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат 1 500 000 теңгені құрайды.

**Ұсыныс.** Бір Газель автокөлігін сатып алу қажеттілігі бар.

**12-тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылжар ауданының білім бөлімі» КММ «Боголюбово орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезеңінде оқушыларды тасымалдау мәселесі.** Оқушыларды тасымалдауға арналған автокөлік құралы қарастырылмаған. Жанар-жағармай материалдарының шығыны Екі ММ-тен ТМ-не дейінгі қашықтық екі бағытта 40 км құрайды: (40 км / 100) * 36 л. = 15 литр – (1 күн). 15 литр * 10 күн = 150 литр. 150 литр * 3 сессия = 450 литр. Автокөлік құралын қамтамасыз ету: техникалық байқау – 75000 тг, қызмет көрсету – 250 000 тг. (жылына). Автокөлік құралын жүргізу: жүргізушінің жалақысы айына 60 000 тг есептеліп отыр. Жанар-жағармай материалының (литр), біржолғы жеткізу үшін қажетті қаражаттың (соманың) саны: 15 литр * 10 күн = 150 литр, 150 литр * 182 тг = 27 300 тг қажет етеді.

**Сессия кезеңінде оқушыларды тамақтандыру.** Сессия кезеңінде 46 оқушыны тамақпен қамту жоспарлануда. 2 рет тамақтандыруға қажетті қаражат сомасы (күнделікті тасымалдау кезінде) 1000 тг * 46 адам * 10 күн = 460 000 тг. Біржолғы тамақтану үшін қажетті қаражат сомасы есептелінбеді.

**13-тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қызылжар ауданының білім бөлімі»**

**коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бәйтерек орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылмаған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (аптасына, айына, жылына) екі ММ-тен ТМ-не дейінгі қашықтық екі бағытта 50 км. құрайды: (50 км. / 100) * 36 л. = 18 литр - (1 күн), 18 литр * 10 күн = 180 литр, 180 литр * 3 сессия = 540 литр қажет етіледі. Автокөлік құралын қамтамасыз ету: техникалық байқау – 75 000 теңге, қызмет көрсету – 250 000 теңге. (жылына), автокөлік құралын жүргізу: жүргізушінің жалақысы айына 60 000 тг құрап отыр. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай 18 литр * 10 күн = 180 литр, 180 л * 182 теңге + 32760 тг қажет етеді.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 82 оқушыны (1 аусым – 46 оқушы, 2 аусым 36 оқушы) тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат 1000 тг * 86 адам * 10 күн = 860 000 теңге.

**14-тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қызылжар ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Рассвет орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылмаған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (аптасына, айына, жылына) екі ММ-тен ТМ-не дейінгі қашықтық екі бағытта 136 км. құрайды: (136 км. / 100) * 36 л. = 50 литр – (1 күн), 50 литр * 10 күн = 500 литр, 500 литр * 3 сессия = 1500 литр. Автокөлік құралын қамтамасыз ету: техникалық байқау – 75 000 теңге, қызмет көрсету – 250 000 теңге (жыл). Автокөлік құралын жүргізу: жүргізушінің жалақысы айына 60 000 теңге қажет етеді. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражаты қарастырылмаған. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай 50 литр * 10 күн = 500 литр, 500 * 182 теңге = 91 000 теңге құрап отыр.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 51 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат, 136 оқушы, 1000 теңге барлығы 136 000 теңге күніне қажет етіледі.

**15-тірек мектебі. СҚО, Мамлют ауданы бойынша Мамлют қаласындағы Мамлют қазақ мектеп-интернаты**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылған - ПАЗ – 32053, 2009 жылы, қозғалтқыш көлемі – 4670. Көлік қарастырылған. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – аптасына – 15 литрді, 2900 теңгені айына – 61 литр 12000 теңге, жылына – 549 литр 107 000 теңгені құрайды. Көлікті жабдықтау мәселесі – үш бокстан жасалған гараж бар, жөндеу жұмыстары өткізілген, техникалық жағдайы жақсы. Көлікті жүргізу мәселесінде «Д» категориясы бар жүргізуші бар, жүргізушіге төленетін айлығы – 84 100 теңге. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 1296 литр 252 720 теңгені құрайды.

**Ұсыныс.** Көлік бар, бірақ оқу жылында интернатта тұратын оқушыларды апта сайын тасымалдауды қамтамасыз етеді, осыған байланысты сессия кезінде магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдау үшін 4 көлік қажет болады.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 101 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1098 теңгені құрайды. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 9500 теңге. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай 549 литрді қажет етеді. Оған жұмсалатын қаражат 107 000 мың теңгені құрайды.

**16-тірек мектебі. СҚО Мамлют ауданы, Воскресеновка ауылдық округі, Воскресеновка ауылы, «Воскресеновка орта мектебі» КММ**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Оқушыларды тасымалдауға арналған автокөлік ГАЗ А65R35 (2002 шығу жылы, двигатель көлемі – 2690) қарастырылған. Жүргізуші бар, оның айлық еңбекақысы 84100 теңгені құрайды.

**Ұсыныс.** Көлік бар, бірақ оқу жылында интернатта тұратын оқушыларды апта сайын тасымалдауды қамтамасыз етеді, осыған байланысты сессия кезінде магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдау үшін 3 көлік қажет болады. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 252 720 теңге 1296 литрді құрайды.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 61 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1098 теңге, Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 9500 теңге. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 107 000 теңге 549 литрге қарастырылған.

**17-тірек мектебі. СҚО Калиновка орта мектебі**

**Сессия кезеңінде оқушылардың тамақтануы.** Сессия кезеңінде 24 оқушыны тамақпен қамту жоспарлануда. Барлық шығындар есептеліп, жергілікті атқарушы органдарға ұсынылады.

**18-тірек мектебі. СҚО Ғ.Мүсірепов атындағы ауданы бойынша Чистопол ауылдық округі Чистопол орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылмаған, гараж мәселесі шешілмеген.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 65 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 700 теңге.

**Ұсыныстар:** оқушыларды тасымалдау үшін 3 автобус, мұғалімдерді жеткізу үшін 3 жеңіл автокөлік сатып алу қажеттілігі туындап отыр.

**19-тірек мектебі. Тайынша ауданы бойынша – Тайынша қаласының №2 орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** 1 оқушыларды тасымалдауға арналған (ГАЗ 322173, 2020 ж., қозғалтқыш көлемі – 2,7) көлік бар. Жанар-жағар майдың шығыны (аптасына: Новоприречное – 40 л., Многоприречное – 96 л., Леонидовка – 130 л.; айына: Новоприречное – 176 л., Многоцветное – 440 л.,

Леонидовка – 572 л. жылына: Новоприречное – 1368 л., Многоцветное - 3456 л., Леонидовка - 4680 л.). қажет. Көлік құралына техникалық қызмет көрсету, оның ішінде техникалық байқау – 6 мың теңгені құрады. Көлік құралын жүргізуде жүргізушінің болуы – Тайынша қаласындағы №2 орта мектепте бар, жүргізуші «D» санаты болуы – иә, жүргізушінің жалақысы – 75382 теңгені құрайды.

**Ұсыныстар**: магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдау үшін 2 көлік (2 газель) қажет.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 91 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 4 522 500 теңгені құрайды. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 5 427 000 теңгені құрайды. Сессия кезінде 2 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (266 литр) қаражат (48412 теңге) Сессия кезінде 5 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (1188 литр) қажетті қаражат – 2162216 теңгені құрайды.

**20-тірек мектебі. СҚО, Тайынша ауданы бойынша Абай ауылдық округі Қараағаш орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Оқушыларды тасымалдауға көлік қарастырылмаған. Өткен оқу жылында балаларды жергілікті ЖШС тасымалдаған, биылғы оқу жылында тасымалдаудан бас тарып отыр. Демеушілер жоқ. Қарағаш орта мектебінде жеке көліктің жоқтығы мәселесін шешу жергілікті атқарушы органдарға тапсырылады.

**Ұсыныстар**: магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдау үшін 2 көлік (2 газель) қарастыру ұсынылады.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 68 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1 530 000 теңге. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 9 180 000 теңгені құрайды.

**21-Тірек мектебі. СҚО, Тайынша ауданы бойынша Краснополян орта мектебі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Оқушыларды тасымалдауға арналған көлік (ГАЗ 322131-95, 2008 ж., қозғалтқыш көлемі – 2,8) қарастырылған. Жанар-жағар майдың шығыны (аптасына: Обухов – 180 л. Озерное – 80 л. айына: Обухов – 1080 л. Озерное – 480 л. жылына: Обухов – 6480 л. Озерное – 2880 л. Көлік құралына техникалық қызмет көрсетуде гараж бар, көліктің бұзылуына және себебін жоюға байланысты жөндеудің әртүрлі соммасы қажет. Көлік құралын жүргізу (жүргізушінің болуы – Тайынша қаласындағы №2 орта мектепте бар, жүргізуші «D» санаты бар жүргізуші бар. Жүргізушінің жалақысы – 75382 теңгені құрайды.

Сессия кезінде 2 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай 260 литр, 47 320 теңге қаражатты қажет етеді. Сессия кезінде 5 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармайға 9360 литр керек және 1703520 қаражат қажет етеді.

**Ұсыныстар**: магниттік мектептерден оқушыларды тасымалдау үшін 2 көлік (2 газель) қажет.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде **42** оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат 945000 теңгені құрайды. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1 134 000 теңгені құрайды.

**22-тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тимирязев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Тимирязев жалпы білім беретін мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Білім алушыларды тасымалдауға көлік қарастырылған (ГАЗ 322 12-264, 2015 жыл, қозғалтқыш V 2690). Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай аптасына 180 литр, жылына – 720 литрды құрайды. Дмитриев магнит мектебіне қосымша автокөлік сатып алу қажет: бір сессияда 180 литр, жылына 720 литр бензин шығыны болады. Көлікті жабдықтау мәселесінде бір жылға гараж, бокс, жөндеу жұмыстары, техникалық жағдайы және техникалық қызмет көрсету жұмыстарына 1 300 000 теңге бөлінеді. Көлікті жүргізу мәселесі шешілген. «Д» категориясы бар, жүргізушіге төленетін айлық 76 110 теңгені құрайды.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Бір сессияда үш магниттік мектептен 10-11-сыныптың 25 оқушысын тамақпен қамту жоспарлануда. Балалар күніне 25 балаға 12 500 теңгеге тамақтанады, 1 рет (түскі асқа) 500 теңге қарастырылған. Оқушылар күн сайын екі магниттік мектептен (Степная ОМ және Интернационал ОМ) бір сессия мерізімнде тасымалдауға жұмсалатын бензин шығыны 180 литр*185 теңге = 33300 теңгені құрайды. Дмитриев ОМ-дан 12 баланы тасымалдау үшін Газель автокөлігінің қосымша көлігін сатып алған жағдайда, тағы бір сессия үшін бензин қажет болады – 180 литр*185 теңге=33300 теңге жұмсалады. Барлығы 3 магниттік мектептен 25 баланы тасымалдау: бір сессияға – 666 000 теңге, 4 сессияға – 2 664 000 теңге қажет болады.

**Ұсыныстар.** Тірек мектепке 3 магниттік мектептің 10-11-сынып оқушылары (Интернационал ОМ, Дмитриев ОМ және Степная ОМ) жеткізіліп, 5-9-сынып оқушылары сессия кезінде қашықтан оқитын болады, бірақ Дмитриев магниттік ОМ-нан 12 баланы тасымалдау үшін Газель автокөлігін сатып алуға қажеттілік бар.

**23-Тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Уәлиханов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Мектеп жанындағы интернаты бар № 2 Кішкенкөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезіндегі тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылған (ГАЗ А65R33 8092, 2020 жылғы) – 2 көлік бар. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (аптасына, айына, жылына) – аптасына екі рет тасымалдауға 150 литр жұмсалады. Көлікті жабдықтау мәселесінде гараж қарастырылған. Көлікті жүргізу мәселесінде жүргізушінің «Д» категориясы бар, еңбекақысы 66163 теңгені құрайды.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 31 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 1900 теңге. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражатта – 9500 теңге қажет. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 158 литрды және 28 860 теңгені құрайды.

**24-тірек мектебі. СҚО әкімдігінің білім басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Уәлиханов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Әуезов орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Сессия кезінде тасымалдау мәселесі.** Тасымалдауға көлік қарастырылған (маркасы, жылы, қозғалтқыш көлемі) – көлік бар, ГАЗ А65R33 8092, 2020 жыл, *А27500*L0600908*. Тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай аптасына – 650 литрды құрайды. Көлікті жабдықтау мәселесінде гараж қарастырылған. Көлікті жүргізу мәселесі шешілген. Жүргізушіге төленетін қаражат – 66 163 теңге.

**Сессия кезіндегі тамақтану мәселесі.** Сессия кезінде 31 оқушыны тамақтандыру жоспарланып отыр. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тамақтануға 1900 теңге қаражат жұмсалады. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тамақтануға жұмсалатын қаражат – 9500 теңгегі құрайды. Сессия кезінде 2 рет (күнделікті тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай – 130 литр, 24050 теңгені құрап отыр. Сессия кезінде 5 рет (аптасына тасымалдауда) тасымалдауға жұмсалатын жанар-жағармай (литр) қаражат (сомма) – 305 литр, 56425 теңгені құрап отыр.

